

**"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ  
ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ**

---

---

**Келісілді**

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігімен

2010 жылғы 22 қарашада

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Төрағасының орынбасары

**Бекітілді**

"Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ Директорлар  
кеңесінің шешімімен

(2010 жылғы 27 тамыздағы отырыстың  
№ 8 хаттамасы)

**қолданысқа енгізілді**

2011 жылғы 5 қыркүйектен бастап

А.У. АЛДАМБЕРГЕН

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін  
жүзеге асыру  
ҚАҒИДАСЫ**

---

---

Алматы қ.

2010

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2011 жылғы 10 маусымдағы отырыстың № 4 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2011 жылғы 26 шілдеде келісілді;
- 2011 жылғы 5 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді.

### **2. № 2 толықтырулар мен өзгерістер:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2012 жылғы 8 маусымдағы отырыстың № 7 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылғы 10 шілдеде келісілді;
- 2012 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді.

### **3. № 3 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2012 жылғы 27 тамыздағы отырыстың № 13 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылғы 5 қазанда келісілді;
- 2012 жылғы 21 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді.

### **4. № 4 өзгерістер:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2012 жылғы 9 қазандағы отырыстың № 17 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылғы 12 қарашада келісілді;
- 2012 жылғы 20 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді.

### **5. № 5 өзгерістер:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2012 жылғы 2 қарашадағы отырыстың № 18 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылғы 6 желтоқсанда келісілді;
- 2013 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізілді.

### **6. № 6 өзгерістер мен толықтыру:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2012 жылғы 29 желтоқсандағы отырыстың № 22 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2013 жылғы 8 ақпанда келісілді;
- 2013 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді.

**7. № 7 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2013 жылғы 17 мамырдағы отырыстың № 6 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2013 жылғы 19 маусымда келісілді;
- 2013 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді.

**8. № 8 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2013 жылғы 12 шілдедегі отырыстың № 9 хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2013 жылғы 13 тамызда келісілді;
- 2013 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді.

**9. № 9 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2014 жылғы 29 сәуірдегі отырыстың № 9 хаттамасы);
- 2015 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді.

**10. № 10 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2015 жылғы 24 ақпандағы отырыстың № 4 хаттамасы);
- мына норманы қоспағанда, 2015 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді:
- осы Қағиданың 13-бабының 2-тармағының 2) тармақшасын өзгерту туралы.

**11. № 11 өзгеріс:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2015 жылғы 19 наурыздағы отырыстың № 5 хаттамасы);
- 2015 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді.

**12. № 12 өзгерістер:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2016 жылғы 19 ақпандағы отырыстың № 5 хаттамасы);
- 2016 жылғы 16 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді.

**13. № 13 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2016 жылғы 8 желтоқсандағы отырыстың № 15 хаттамасы);
- 2016 жылғы 16 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

**14. № 14 өзгерістер мен толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2017 жылғы 31 мамырдағы отырыстың № 8 хаттамасы);
- 2017 жылғы 4 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді.

**15. № 15 өзгерістер:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2017 жылғы 29 қарашадағы сырттай дауыс берудің № 23(з) хаттамасы);
- 2017 жылғы 20 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді.

**16. № 16 өзгерістер мен толықтыру:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2018 жылғы 5 ақпандағы сырттай дауыс берудің № 3(з) хаттамасы);
- 2018 жылғы 23 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	8
<b>1-тарау. КІРІСПЕ ЕРЕЖЕЛЕР .....</b>	<b>8</b>
1-бап. Негізгі ұғымдар .....	8
2-бап. Банк қызметі туралы жалпы ережелер .....	10
<b>2-тарау. ДЕПОНЕНТТЕРДІҢ БАНКТІК ШОТТАРЫ .....</b>	<b>12</b>
3-бап. Депоненттердің банктік шоттары туралы жалпы ережелер .....	12
4-бап. Депоненттердің банктік шоттарының түрлері .....	14
5-бап. Депоненттердің банктік шоттарындағы ақшаны есепке алу және есепке алу бойынша шектеулер .....	16
<b>3-тарау. КҮТІЛЕТІН АҚШАНЫ АЛУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАНЫ ЖӘНЕ НҰСҚАУДЫ БЕРУ, АКЦЕПТЕУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ .....</b>	<b>17</b>
6-бап. Нұсқауды беру, акцептеу және орындау тәртібі .....	17
7-бап. Хабарламаны беру, акцептеу және орындау тәртібі .....	21
<b>4-тарау. ДЕПОНЕНТТЕРДІҢ БАНКТІК ШОТТАРЫН ЖҮРГІЗУ .....</b>	<b>23</b>
8-бап. Депоненттердің банктік шоттарын жүргізу туралы жалпы ережелер .....	23
9-бап. Депоненттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату тәртібі .....	25
10-бап. Депоненттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу тәртібі .....	26
11-бап. ҚБЕО-дан алған құжаттар негізінде депоненттің банктік шотына ақшаны есептеу тәртібі .....	28
12-бап. Қызмет көрсететін банктен алған құжаттардың негізінде депоненттің банктік шотына ақшаны есептеу тәртібі .....	28
13-бап. Депоненттің нұсқауы негізінде Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шотынан ақшаны аудару .....	30
14-бап. [Алынып тасталды] .....	32
15-бап. [Алынып тасталды] .....	32
16-бап. [Алынып тасталды] .....	32
<b>4-1-тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫ БОЙЫНША ӨТЕМАҚЫЛЫҚ ТӨЛЕМДІ АУДАРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН МӘМІЛЕНІ (ОПЕРАЦИЯНЫ) ТІРКЕУ БАРЫСЫНДА АҚШАНЫ АУДАРУ ТӘРТІБІ .....</b>	<b>32</b>
17-бап. Репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді аудару және қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында ақшаны аудару туралы жалпы ережелер .....	32
18-бап. Ұлттық Банкте депоненттердің позициялары жөнінде репо операциялары бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру кезінде немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	36
19-бап. Орталық депозитарийде депоненттің банктік шотына Ұлттық Банктегі депоненттің позициясынан репо операциялары бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	37
20-бап. Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шотынан Ұлттық Банктегі депонент позициясына репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	38

21-бап.	Орталық депозитарийдегі депоненттердің банктік шоттары бойынша репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі.....	39
21-1-бап.	Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын айырбастау/өзгерту туралы жазбаларды енгізу бойынша операцияны тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	40
22-бап.	Ақша аударымымен Орталық депозитарийдің номиналды ұстауына қаржы құралдарын енгізуді тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	40
23-бап.	Ақша аударымымен Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығаруды тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	41
24-бап.	Депоненттердің алымдарын төлеумен Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығару немесе Орталық депозитарийдің номиналды ұстауына қаржы құралдарын енгізуді тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі.....	41
24-1-бап.	Биржаның осы аударым мүмкіндігін тексеріп, ақшаны аудару ерекшелігі .....	44
24-2-бап.	Нетто-операцияларды тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	46
24-3-бап.	Қамтамасыз етуді оқшаулауды/оқшаудан шығаруды тіркеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	47
25-бап.	[Алынып тасталды] .....	48
26-бап.	[Алынып тасталды] .....	48
27-бап.	[Алынып тасталды] .....	48
27-1-бап.	[Алынып тасталды] .....	48
27-2-бап.	[Алынып тасталды] .....	48
<b>4-2-тарау.</b>	<b>ТӨЛЕМ АГЕНТІ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА АҚШАНЫ АУДАРУ .....</b>	<b>49</b>
27-3-бап.	Қаржы құралдарын өтеу барысында дивидендтерді, сыйақыны немесе номиналды құнды төлеу барысында ақшаны аудару туралы жалпы ережелер.....	49
27-4-бап.	Екінші деңгейдегі банктерде ашылған ұстаушылардың банктік шоттарына қаржы құралдарын өтеу барысында дивидендтерді, сыйақыны немесе номиналды құнды төлеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	50
27-5-бап.	Орталық депозитарийде ұстаушылардың банктік шоттарына қаржы құралдарын өтеу барысында дивидендтерді, сыйақыны немесе номиналды құнды төлеу барысында ақшаны аудару тәртібі .....	52
<b>5-тарау.</b>	<b>"АНЫҚТАЛҒАНҒА ДЕЙІН СОМАЛАР" ШОТЫНАН АҚШАНЫ ҚАЙТАРУ ....</b>	<b>52</b>
28-бап.	Орталық депозитарийдің БААЖ позициясына есептелген "анықталғанға дейінгі сомалар" шотынан ақшаны қайтару тәртібі.....	52
29-бап.	Қызмет көрсететін банкте Орталық депозитарийдің шотына есептелген "анықталғанға дейінгі сомалар" шотынан ақшаны қайтару тәртібі.....	53
<b>6-тарау.</b>	<b>ШАРТТЫ ЖАСАУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ.....</b>	<b>53</b>
30-бап.	Шартты жасасу және оны бұзу туралы жалпы ережелер .....	53
31-бап.	Ағымдық шоттың шартын жасасу тәртібі .....	54
32-бап.	Корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартты жасасу тәртібі .....	55
33-бап.	Шартты бұзу тәртібі.....	56
<b>7-тарау.</b>	<b>ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ЕСЕПТІЛІГІ .....</b>	<b>56</b>
34-бап.	Депонентке есептік құжаттарды ұсыну тәртібі .....	56

<b>8-тарау.</b>	<b>ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ҚЫЗМЕТІН ТӨЛЕУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....</b>	<b>57</b>
35-бап.	Орталық депозитарийдің қызметіне ақы төлеу тәртібі.....	57
36-бап.	Қорытынды ережелер .....	57
<b>ҚОСЫМШАЛАР .....</b>		<b>59</b>

Осы Қағида "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Төлемдер және ақша аударымдары туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге заңнамалық актілерге сәйкес әзірленді және мыналардың тәртібі мен шарттарын анықтайды *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді)*:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) депоненттердің банктік шоттарын ұлттық және шетел валютасында ашу, жүргізу және жабу *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*;
- Орталық депозитарийдің қаржы құралдарымен мәмілені тіркеу, қаржы құралдары бойынша дивидендтерді (сыйақыларды) төлеу мен қаржы құралдарын өтеу (мерзімінен бұрын өтеу) және "тура" не "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциялары (бұдан әрі – операция/ репо операциясы) бойынша өтемақылық төлемдерді жүзеге асыру барысында төлем агентінің функцияларын орындау кезінде ақшаны аудару *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*;
- депоненттердің банктік шоттары бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыру *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*;
- Орталық депозитарийдің банктік операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырумен байланысты өзге функцияларды орындау (бұдан әрі – банктік қызмет).

Осы Қағида Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады (бұдан әрі – Қағидалар жинағы).

## **1-тарау. КІРІСПЕ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-бап. Негізгі ұғымдар**

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған ұғымдар пайдаланады.  
Осы Қағидада пайдаланылатын өзге ұғымдар Орталық депозитарийдің басқа ішкі құжаттарымен анықталған ұғымдармен бірдей.
2. Осы Қағиданың мақсаты үшін:
  - 1) депоненттің банктік шоты – Орталық депозитарийде ашылған депоненттің ағымдық немесе корреспонденттік шоты *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*;
  - 1-1) депонент – оның атына Орталық депозитарийде жеке шот ашылған заңды тұлға *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*;



- 2) өтініш беруші – Орталық депозитарийге ағымдық шот шартын немесе корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартты жасау туралы өтінішпен жүгінген тұлға (бұдан әрі – Шарт);
- 3) резидент емес – осы тармақтың 7) тармақшасына сәйкес резидент болып табылмайтын заңды тұлға;
- 3-1) сауда-саттық уақыты – Орталық депозитарийдің Биржаның сауда-саттықты ашу туралы хабарламасын алған сәттен бастап Орталық депозитарийдің осы сауда-саттықты жабу туралы Биржаның хабарламасын алған сәтке дейінгі уақыт кезеңі (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді*);
- 4) қызмет көрсететін банк – Орталық депозитарийдің шетел валютасындағы ақшаны есепке алу үшін шот ашқан есепке алу ұйымы немесе резидент емес банк;
- 5) ақша жөнелтуші – қаржы құралдарымен жасалған мәміле нәтижесінде ақшаны жеткізу бойынша міндеттемелер және қаржы құралдарын алу бойынша талаптар немесе репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді аударуға берілген Биржаның бұйрығына сәйкес ақшаны жеткізу бойынша міндеттемелер туындаған депонент (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді*);
- 6) ақшаны алушы – қаржы құралдарымен жасалған мәміле нәтижесінде қаржы құралдарын жеткізу бойынша міндеттемелер және ақшаны алу бойынша талаптар туындаған немесе репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді аударуға берілген Биржаның бұйрығына сәйкес ақшаны алу жөніндегі талаптар туындаған депонент (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді*);
- 7) резидент – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және құрылған заңды тұлға;
- 8) депоненттің нұсқауы – Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес ресімделген және депонент ұсынған ақшаны аударуға өтініш немесе төлем тапсырмасы (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен толықтырылды және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді*);
- 9) ақырғы төлем – эмитент төлемді немесе оның төлем агенті жасады деп қызмет көрсететін банктің растауы (эмитенттің тапсырмасы бойынша);

- 9-1) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен алынып тасталды);*
- 10) клиенттік шоттар – осы Қағиданың 4-тармағының 2) тармақшасында және 4-бабының 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген шоттар *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді);*
- 10-1) Биржа – сауда-саттықты ұйымдастырушы және клирингтік ұйым (берілген лицензияға сәйкес) ретінде, сондай-ақ орталық контрагент (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес) ретінде қызмет атқаратын "Қазақстан қор биржасы" АҚ деп түсініледі *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді);*
- 11) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды);*
- 12) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*
- 13) Орталық депозитарийдің клиенттері – Орталық депозитарийде банктік шот ташқан тұлғалар *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді).*

## **2-бап.**

### **Банк қызметі туралы жалпы ережелер**

1. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 80-бабының 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарий банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар болған кезде келесіні жүзеге асырады:
- 1) Орталық депозитарий клиенттерінің арасындағы есептеулерді жүзеге асыратын орталықтандырылған ұйымның функцияларын *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді);*
  - 2) қаржы құралдары және оларды өтеу барысында кірісті төлеу бойынша төлем агентінің функцияларын;
  - 3) депоненттерге бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақша аударымын жүзеге асыруға арналған, сондай-ақ қаржы құралдарын өтеу және кірісті төлеу барысында ақшаны алу үшін банктік шоттарын ашуды.
- 1-1. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 77-2-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына және

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 58 қаулысымен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Клирингтік ұйымның қағидасы) 11-тармағына сәйкес Орталық депозитарий клирингтік ұйым ретінде Биржа қызмет көрсететін мәмілелер бойынша есеп айырысуларды (төлемдерді) ұйымдастыруды жүзеге асырады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді)*.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 210 қаулысымен бекітілген Банктер арасындағы, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу ережесіне сәйкес Орталық депозитарий банктер болып табылатын депоненттермен корреспонденттік қатынастарды белгілейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді)*.
  3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесіне сәйкес Орталық депозитарий депоненттердің банктік шоттарын ашады, жүргізеді және жабады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді)*.
  - 3-1. Осы Қағидада белгіленген тәртіппен Биржамен ағымдық шот шартын жасаған жағдайда және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидасының 13-тармағына сәйкес Орталық депозитарий Биржаның ағымдық шотын ашады және жүргізеді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді)*.
  4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидасына сәйкес Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі депоненттерге және оның клиенттеріне тиесілі ұлттық валютадағы ақшаны есепке алу үшін корреспонденттік шотты ашады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі, 2017 жылғы 31 мамырдағы және 2018 жылғы 5 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді)*.
  5. Қолданылатын заңнамаға және осы Қағидаға сәйкес Орталық депозитарий депоненттерге және олардың клиенттеріне тиесілі ақшаны есепке алу үшін есепке алу ұйымдары мен резидент емес банктерде шоттар ашады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің*

*Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 9 қазандағы және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді).*

6. Орталық депозитарий қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарын осы Қағидада белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерін және/немесе ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидасына сәйкес жүзеге асырады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі, 2016 жылғы 8 желтоқсандағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді).*
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысымен бекітілген Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарға электрондық банктік қызмет көрсету қағидасына сәйкес Орталық депозитарий депоненттермен, қызмет көрсететін банктермен, клирингтік ұйымдармен және ұлттық валютадағы қолма-қолсыз ақшаны аудару бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі операция жасайтын банкаралық ақша аударымдары жүйесін (бұдан әрі - БААЖ) пайдаланушыларға қызмет көрсететін шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (бұдан әрі – ҚБЕО) электронды құжаттар алмасуды жүзеге асырады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен толықтырылды және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы және 2018 жылғы 5 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*
8. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 қаулысымен бекітілген Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 211 қаулысымен бекітілген Банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес Орталық депозитарий БААЖ пайдаланушысы және ҚБЕО клирингтік жүйесінің пайдаланушысы болып табылады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы, 2016 жылғы 19 ақпандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді).*
9. Орталық депозитарийдің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруына байланысты төлем және өзге құжаттарды Орталық депозитарийдің қабылдау/беру тәртібі Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжаты "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасымен" белгіленеді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*

10. Орталық депозитарийдің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға байланысты төлем және өзге құжаттарды қабылдаудың/берудің басталу және аяқталу уақыты Орталық депозитарийдің "Операциялық регламенті"<sup>1</sup> ішкі құжатымен (бұдан әрі – Регламент) белгіленеді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

## 2-тарау. БАНКТІК ШОТТАР

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

### 3-бап. Депоненттердің банктік шоттары туралы жалпы ережелер

1. Клиенттердің ақшасын есепке алу депоненттердің банктік шоттарында жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
- 1-1. Орталық депозитарийдегі банктік шоттар Орталық депозитарий депоненттеріне және Биржаға ашылуы *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді)*.
- 1-2. Биржаның банктік шоттарына нетто-операцияларды тіркеген кезде ақша аударуға арналған ақша есептеледі *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді)*.
2. Депоненттердің банктік шоттарына мынадай:
  - 1) репо операциялары бойынша өтемақылық төлемдерді жүзеге асыру кезінде немесе қаржы құралдарымен мәмілелер жөніндегі есептеулер барысында алынған ақша;
  - 2) репо операциялары бойынша өтемақылық төлемдерді жүзеге асыру үшін немесе қаржы құралдарымен мәмілелер жөніндегі есептеулерге арналған;
  - 3) қаржы құралдары бойынша дивидендтерді (сыйақыларды) төлеген кезде алынған;
  - 4) қаржы құралдарын өтеу (мерзімінен бұрын өтеу) кезінде алынған;
  - 5) Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Қағидаға сәйкес келмейтін өзге мақсаттарға арналмаған;

---

<sup>1</sup> Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2016 жылғы 10 тамыздағы отырыстың № 10 хаттамасы) *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді)*

- б) мәні Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Қағидаға қарама-қайшы келмейтін өзге операциялардан алынған ақша есептеледі.
3. Клиенттер Орталық депозитарийдегі өзінің банктік шоттарындағы ақшаны осы Қағидада белгіленген тәртіппен және шарттарда басқа банк шоттарға аударуға құқылы *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*
4. Орталық депозитарий Орталық депозитарий клиенттерінің банктік шоттарында есептелетін ақшаны жеке мүддесіне немесе үшінші тұлғалар мүддесіне пайдалануға құқылы емес *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*
5. Орталық депозитарий Орталық депозитарий клиенттерінің банктік шоттарынан ақшаны есептен шығаруға, егер ол Қағидалар жинағымен, мемлекеттік органдардың шешімімен, есепке алу ұйымдарының ережесімен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделмеген жағдайда, құқығы жоқ *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*
6. Орталық депозитарий Орталық депозитарий клиенттерінің банктік шоттарында есептелетін ақшаға сыйақы есептемейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*
7. Орталық депозитарий клиенттерінің банктік шоттарынан ақшаны шығынға жазу және/немесе банктік шоттарға ақшаны есепке алу *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді):*
  - 1) ұйымдастырылған нарықта жасалған (жүзеге асырылған) қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеуге Биржа бұйрығының негізінде *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді);*
  - 2) қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеуге берілген депоненттің бұйрығы негізінде;
  - 3) өтемақылық төлемдерді есептен шығару/есепке алу кезінде;
  - 4) депонент нұсқауының негізінде *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 17 мамырдағы шешімімен өзгертілді);*

- 4-1) қызмет көрсететін банкте<sup>2</sup> Орталық депозитарийдің шотына ақшаны есептеуді растайтын құжат пен ақшаның күтілетін түсімі туралы депонент хабарламасының негізінде *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді)*;
- 5) қаржы құралдарын өтеу (мерзімінен бұрын өтеу) және дивидендтерді (сыйақыларды) төлеу кезінде;
- 5-1) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды)*;
- 6) қолданыстағы заңнамамен немесе қызмет көрсететін банктің қағидаларымен белгіленген өзге жағдайларда жүзеге асырылады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді).*

#### **4-бап. Банктік шоттардың түрлері**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді).*

1. Орталық депозитарийдегі депоненттердің банктік шоттары ағымдық және корреспонденттік шоттарға бөлінеді.
2. Орталық депозитарийдегі ағымдық шоттар Биржаға және банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын депоненттерге ашылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*
3. Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шот банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын депоненттерге ашылады.
4. Орталық депозитарийдегі ағымдық шоттар мыналарға бөлінеді:
  - 1) "меншікті ағымдық шот" – депоненттің меншікті ақшасын есепке алуға арналған;
  - 2) "клиенттердің ағымдық шоты" – депонент клиенттерінің ақшасын шоғырландырылған есепке алуға арналған;
  - 2-1) "Биржаның ағымдық шоты" – оны аудару Орталық депозитарийдің нетто-операцияларын тіркеген кезде жүзеге асырылатын ақшаны есепке алуға арналған *(осы тармақша*

---

<sup>2</sup> Аталған құжат тек ақшаны банктік шотқа есепке алу үшін ғана пайдаланылады *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен енгізілді, аталған сілтеменің нөмірі Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

*Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді).*

- 3) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды);*
  - 4) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*
5. Орталық депозитарийде корреспонденттік шоттар мыналарға бөлінеді:
- 1) "меншікті корреспонденттік шот" – депоненттің меншікті ақшасын есепке алуға арналған;
  - 2) "клиенттердің корреспонденттік шоты" – депонент клиенттерінің ақшасын шоғырландырылған есепке алуға арналған;
  - 3) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды);*
  - 4) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*
6. Депоненттің банктік шотында "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" деген қосымша белгі болуы мүмкін, бұл *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*
- 1) егер осы банктік шот резидент емес депоненттің ағымдық немесе корреспонденттік шоты болып табылған жағдайда, осы банктік шот бойынша осы Қағидаға және Депозитарлық қызметтер қағидасына сәйкес ұйымдастырылған нарықта жасалған (жүзеге асырылған) қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеуге рұқсат берілетіндігін білдіреді;
  - 2) егер осы банктік шот резидент депоненттің корреспонденттік шоты болып табылған жағдайда, осы банктік шот бойынша осы Қағидаға және Депозитарлық қызметтер қағидасына сәйкес T+2 схемасы бойынша Биржаның қор нарығында жасалған (жүзеге асырылған) қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеуге рұқсат берілетіндігін білдіреді *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*



7. Орталық депозитарий депоненттің банктік шотына "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" деген қосымша белгіні Орталық депозитарий алған осы Қағидаға 7-1 қосымшасының нысаны бойынша жасалған аталған депоненттің келісім-хатының негізінде береді.

Орталық депозитарий депоненттің банктік шотынан "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" деген қосымша белгіні Орталық депозитарийдің оны осындай алу мүмкіндігін тексерудің оң нәтижесі туралы Биржадан хабарлама алу шартымен Орталық депозитарий алған қағаз нұсқада немесе электронды түрде ерікті нысанда жасалған аталған депоненттің хаты негізінде алады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы, 2015 жылғы 24 ақпандағы, 2016 жылғы 8 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді).*

- 7-1. Резидент депоненттің корреспонденттік шоты бойынша қамтамасыз етуді тексерумен жүргізілетін сауда-саттықтағы ұйымдастырылған нарықта жасалған (жүзеге асырылған) қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеу егер атына осы корреспонденттік шот ашқан резидент депонентті Биржа қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға ауыстырған немесе осы корреспонденттік шоттың деректемелерін депонент Орталық депозитарийдегі қосалқы шотты ашуға, деректемелерін өзгертуге немесе жабуға берілген бұйрықта "есептен шығару үшін банктік деректемелер" ретінде көрсеткен жағдайда жүзеге асырылады.

Резидент депонентті қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға аудару туралы хабарлама, сондай-ақ резидент депонентті қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға аударудың күшін жою туралы хабарламаны Биржа Орталық депозитарийге осындай аударма немесе осындай аударманың күшін жою жүзеге асырылуы тиіс күнге дейін бір күннен кешіктірмей жібереді.

Орталық депозитарий осының алдындағы абзацта көрсетілген хабарламаны Биржадан алған күннен кейінгі күні Орталық депозитарийде корреспонденттік шоты бар резидент депонентті қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға аударады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді).*

8. Депоненттің қызметі тоқтатылған немесе номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиясынан айырылған жағдайда, депонент Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген жағдайларда және мерзімде Орталық депозитарийге ақшаны нотариустың депозитіне аударуға нұсқау беруге құқылы *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

8-1. Биржа қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметке арналған лицензияның қолданылуын тоқтатқан немесе айырған жағдайда, Орталық депозитарий Биржаның ағымдық шоты бойынша ақша аударуды жүзеге асыруды тоқтатады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

**5-бап. Банктік шоттардағы ақшаны есепке алу және есепке алу бойынша шектеулер**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

1. Банктік шоттар ұлттық және шетел валюталарында жүргізіледі *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
2. Депоненттердің клиенттік шоттарында әрбір клиент бойынша бөлектелген есепке алусыз депоненттің барлық клиенттеріне тиесілі ақша шоғырланумен есепке алынады. Депоненттің әрбір клиенті бойынша бөлектелген есепке алу депоненттің ішкі есебінде жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
- 2-1. Биржаның ағымдық шотына нетто-операцияларды тіркеуге арналған ақша есептеледі *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
3. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды)*.
4. Банктік шоттардағы ақшаны есепке алу қызмет көрсететін банктерде Орталық депозитарийге ашылған шот валюталарында жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
5. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 19 наурыздағы шешімімен алынып тасталды)*.
6. Ішкі есепке алуды жүргізу мақсатында Орталық депозитарий өзінің жүйесінде ұлттық және шетел валюталарындағы мынадай шоттарды ашады:
  - 1) "анықталғанға дейінгі сомалар" – осы Қағидамен белгіленген жағдайларда депоненттің банктік шотына есепке алынбайтын ақшаны есепке алуға арналған;
  - 2) "сыйақыны төлеуге және өтем жасауға арналған сома" – қаржы құралдарын өтеуге (мерзімінен бұрын өтеу) және дивидендтерді (сыйақыны) төлеуге арналған ақшаны есептеуге арналған;

- 3) "транзитті" – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есептеу барысында ақшаны аударуға арналған;
- 3-1) "клирингтік" – клирингтік сессия нәтижелері бойынша есептеу барысында ақшаны аударуға арналған *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен енгізілді)*;
- 4) осы Қағиданың 4-бабының 4 және 5-тармақтарында және осы тармақта белгіленген шоттарды белгілеуге байланысты емес ақшаны есепке алуға қажет басқа шоттар. Осындай шоттардағы ақшаны есепке алу тәртібін Орталық депозитарий Басқармасы белгілейді *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.

### **3-тарау. КҮТІЛЕТІН АҚШАНЫ АЛУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАНЫ ЖӘНЕ НҰСҚАУДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді)*.

#### **6-бап. Нұсқауды беру және орындау тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді)*.

1. Орталық депозитарийге нұсқауларды тек депоненттер ғана беруге құқылы *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді)*.
2. Нұсқаудың мазмұнына жауапкершілікті оны ұсынған тұлға көтереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.
3. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды)*.
4. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды)*.
5. Орталық депозитарийге нұсқауды беретін тұлғаның қағаз тасымалдағыштағы нұсқауды берген кезде нұсқаудың екі данасын беруге міндетті *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.
6. Орталық депозитарий егер сенімхаттың мерзімі өтіп кетсе немесе Орталық депозитарийге нұсқауды беруге уәкілетті тұлғаның сенімхаты жоқ болған жағдайда, нұсқауды қабылдаудан бас тартады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.

- 6-1. Басқа банкте ашылған депоненттің банктік шотына ақшаны аудару туралы депоненттің нұсқауы егер осындай нұсқаудың сомасы 50 млн теңгеге тең және астам немесе шетел валютасындағы сома баламада 50 млн теңгеге тең немесе одан астам жағдайда Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатымен белгіленген тәртіппен оның санкциялануын жеке тексеруге жатады. Валюта бағамын анықтау үшін жеке тексеру жүргізілетін күні тиісінше шетел валютасында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ресми бағамы пайдаланылады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен енгізілді*).
7. Орталық депозитарий мынадай жағдайларда нұсқауды орындаудан бас тартады (*осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді*):
- 1) нұсқау Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген нысанға сәйкес келмесе;
  - 2) толтыруға міндетті нұсқаудың бір немесе бірнеше деректемелері болмаса;
  - 3) нұсқауда түзетулер және/немесе өшірілген жерлері бар болса (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*);
  - 4) нұсқауға қол қойған тұлғаның қолы Орталық депозитарийдегі қол қою үлгілері бар карточкада көрсетілген қол қою үлгілеріне және осы нұсқауды ұсынған тұлғаның мөр бедеріне сәйкес келмесе (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен өзгертілді*);
  - 5) нұсқаудағы мөр бедері Орталық депозитарийдегі осы нұсқауды берген тұлғаның мөр бедері және қол қою үлгілері бар карточкада көрсетілген мөр бедерінің үлгісіне сәйкес келмесе (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен өзгертілді*);
  - 6) депоненттің нұсқаудағы деректемелері жасалған Шартқа сәйкес депонент ұсынған депоненттің деректемелеріне сәйкес келмесе;
  - 7) ақша аударымен көрсетілген валютада жүзеге асыру мүмкін болмаса;
  - 8) депоненттің – ақшаны жіберушінің көзделген банктік шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатылса;
  - 9) депонент берген нұсқаудың "Төлемді тағайындау" деген бағанасында ақша аударымы жүргізілетін құжаттың (құжаттардың) атауы, нөмірі және/немесе күні болмаса (*осы*

- тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен өзгертілді);*
- 9-1) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды);*
- 10) депоненттің – ақша жөнелтушінің банктік шотында ақшаның жеткілікті сомасы болмаса;
- 11) осы Қағида мен Шартқа сәйкес Орталық депозитарий көрсеткен қызметті депонент Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы қағида" деген ішкі құжатымен белгіленген мерзімде төлемеген кезде *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2014 жылғы 29 сәуірдегі шешімдерімен өзгертілді);*
- 12) S.W.I.F.T. басқа деректерді беру жүйесі арқылы электронды құжат түрінде депонент ұсынған нұсқау осы баптың 3-тармағында көрсетілген Орталық депозитарийдің ішкі құжатының талаптарына сәйкес келмесе *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен толықтырылды);*
- 12-1) клирингтік ұйым ұсынған нұсқау клирингтік ұйым мен Орталық депозитарий арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес келмесе *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен енгізілді);*
- 13) S.W.I.F.T. деректерді беру жүйесі арқылы электронды құжат түрінде берілген нұсқау осы баптың 4-тармағында көрсетілген Орталық депозитарийдің ішкі құжатының талаптарына сәйкес келмесе *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді);*
- 13-1) Биржадан "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" деген қосымша белгісі бар банктік шот бойынша нұсқаудың орындалу мүмкіндігін тексерудің кері нәтижесін алған кезде *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді);*
- 13-2) нұсқаудың рұқсат берілгендігіне жеке тексеру кері нәтиже бергенде *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен енгізілді);*
- 14) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Қағидамен және/немесе Шартпен көзделген басқа жағдайларда.

8. Орталық депозитарий, егер нұсқаудың орындалу сәтіне дейін Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бірінші кезектілік тәртібімен қолма-қол ақшасыз төлемді және олар алған төлем құжаттарына сәйкес ақша аударымын жүргізуге міндетті, содан кейін депоненттің банктік шотында нұсқауды орындау үшін қажетті ақша сомасы болмайды *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді)*.
9. Электронды құжат түрінде берілген нұсқауды орындаудан бас тартқан жағдайда, Орталық депозитарий нұсқау алынған операциялық күні осы нұсқауды берген тұлғаға тиісті электронды хабарламаны жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді)*.
10. Қағаз нұсқада ұсынылған нұсқауды орындаудан бас тартқан жағдайда, Орталық депозитарий нұсқаудың екінші данасына бас тартудың негіздемесі бар тиісті белгі қояды және нұсқау алынған операциялық күні осы нұсқауды берген тұлғаға аталған дананы қайтарады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді)*.
11. Депонент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру немесе қайтару туралы өкімді Орталық депозитарийге ұсынуға құқылы. Орталық депозитарийге осындай өкімдерді ұсыну тәртібі мен мерзімі Шартпен белгіленеді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы, 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді)*.
12. Нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру немесе нұсқауды қайтарып алу Орталық депозитарий оны орындағанға дейін ғана мүмкін *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді)*.
13. Нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру немесе қайтару туралы электронды өкімді Орталық депозитарий орындаған жағдайда, Орталық депозитарий осы өкімді алған күннен кейін бір операциялық күннен кешіктірмей осы өкімді жіберушіге алынған өкімнің орындалғаны туралы электронды хабарлама жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді)*.
14. Орталық депозитарий нұсқауды орындауды тоқтату немесе қайтару туралы электронды өкімді орындаудан бас тартқан жағдайда, осындай өкімді алған күннен кейін бір операциялық күннен кешіктірмей осы өкімді жіберушіге негізделген бас тартумен алған өкімді орындаудан бас тарту туралы электронды хабарлама жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар*

*кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді).*

15. Орталық депозитарий қағаз нұсқада ұсынылған өкімді орындаған/орындамаған жағдайда, нұсқаудың орындалуын тоқтату туралы немесе қайтару туралы Орталық депозитарий өкімнің екінші данасына тиісті белгі қояды және осы өкімді аталған өкімді жіберушіге қайтарады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді).*

#### **7-бап. Хабарламаны беру және орындау тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді).*

1. Депонент Орталық депозитарийдегі банктік шотына ақшаның түсуін күткен кезде (депоненттің немесе оның клиентінің басқа банктегі шотынан ақшаны қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарийдің шотына аударған жағдайда) депонент Орталық депозитарийге күтілетін ақшаның түсімі туралы хабарламаны беруге міндетті (бұдан әрі – хабарлама) *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*
2. Хабарламаны Орталық депозитарийге тек депонент беруге құқылы.
3. Хабарламаның мазмұнына жауапкершілікті депонент көтереді.
4. Орталық депозитарийге қағаз тасымалдағыштағы хабарламаны ұсынған кезде депонент хабарламаның екі данасын беруге міндетті.
5. Қағаз тасымалдағыштағы хабарлама осы Қағиданың 1-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша беріледі.
6. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды).*
7. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды).*
8. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Қағидамен анықталған жағдайлардан басқа кезде хабарламаны қабылдаудан бас тартуға құқылы емес.
9. Орталық депозитарий егер сенімхаттың мерзімі өтіп кетсе немесе Орталық депозитарийге хабарламаларды беруге депоненттің уәкілетті тұлғасы жоқ болса хабарламаны қабылдаудан бас тартады.
10. Орталық депозитарий хабарламаны орындаудан мынадай жағдайларда бас тартады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді):*

- 1) қағаз тасымалдағыштағы берілген хабарлама осы Қағидамен белгіленген нысанға сәйкес келмесе;
- 2) хабарламада толтыруға міндетті бір немесе бірнеше деректемелер жоқ болса;
- 3) хабарламада түзетулер, толықтырулар және/немесе өшірілген жерлер бар болса *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*;
- 4) хабарламаға қол қойған тұлғаның қолы Орталық депозитарийдегі депоненттің мөр бедері мен қол қою үлгілері бар карточкада көрсетілген қол қою үлгілерімен сәйкес келмесе;
- 5) хабарламадағы мөр бедері Орталық депозитарийдегі депоненттің мөр бедері мен қол қою үлгілері бар карточкада көрсетілген мөр бедерінің үлгілеріне сәйкес келмесе;
- 6) хабарламадағы депоненттің деректемелері Шарт жасау барысында депонент ұсынған депоненттің деректемелеріне сәйкес келмесе;
- 7) хабарламада көрсетілген валюта депоненттің банктік шотына сәйкес келмесе;
- 8) хабарламаны валюталау күні өтіп кетсе;
- 9) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 17 мамырдағы шешімімен алынып тасталды)*;
- 10) S.W.I.F.T. басқа деректерді беру жүйесі арқылы электронды құжат түрінде ұсынылған нұсқау осы баптың 6-тармағында көрсетілген Орталық депозитарийдің ішкі құжатының талаптарына сәйкес келмесе;
- 11) S.W.I.F.T. деректерді беру жүйесі арқылы электронды құжат түрінде ұсынылған хабарлама осы баптың 7-тармағында көрсетілген Орталық депозитарийдің ішкі құжатының талаптарына сәйкес келмесе *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*;
- 12) осы Қағидаға және Шартқа сәйкес Орталық депозитарий көрсеткен қызметті депонент Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы қағида" деген ішкі құжатымен белгіленген мерзімде төлемеген кезде *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2014 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен өзгертілді)*;
- 13) қолданылатын заңнамамен және Қағидалар жинағымен белгіленген басқа жағдайларда.



11. Орталық депозитарий хабарламаны акцептеуден бас тартқан жағдайда, сол күні депоненттің бас тартуын негіздеп, хабарламаны акцептеуден бас тартқаны туралы хабарлайды.

#### **4-тарау. БАНКТІК ШОТТАРДЫ ЖҮРГІЗУ**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

#### **8-бап. Банктік шоттарды жүргізу туралы жалпы ережелер**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

1. Орталық депозитарий осы Қағидада белгіленген тәртіп пен жағдайда, депоненттердің банктік шоттары бойынша мынадай операцияларды жүзеге асырады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді);*
  - 1) Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шотынан ақша алу және қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеу кезінде депоненттің банктік шотына ақша енгізу *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы, 2016 жылғы 19 ақпандағы және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді);*
  - 1-1) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды);*
  - 2) Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шотынан ақша алу және Биржа бұйрығының негізінде репо операциясы бойынша өтемақы төлемін жүзеге асырған кезде депоненттің банктік шотына ақша енгізу *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы, 2015 жылғы 24 ақпандағы, 2016 жылғы 19 ақпандағы және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді);*
  - 3) қаржы құралдары бойынша дивидендтерді (сыйақыны) төлеген кезде және қаржы құралдарын өтеген кезде (мерзімінен бұрын) депоненттің банктік шотына ақшаны аудару *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді);*
  - 4) депонент нұсқауының негізінде депоненттің банктік шотынан ақша аудару *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді);*

- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қағидалар жинағына сәйкес өзге операциялар.
- 1-1. Орталық депозитарий осы Қағидада белгіленген тәртіп пен жағдайда, Биржаның ағымдық шотынан ақша алуды және қаржы құралдарымен нетто-операцияларды тіркеген кезде Биржаның ағымдық шотына ақша енгізуді жүзеге асырады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
2. Орталық депозитарий депоненттердің Орталық депозитарийдегі олардың банктік шоттарында есептелетін ақшаны басқару құқықтарын Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Қағидада белгіленген шектеулерді ескере отырып қамтамасыз етеді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
3. Ақша аударуды Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген шектеулерді ескере отырып, клиенттердің тиісті банктік шоттарындағы ақша қалдығы сомасының шегінде жүзеге асырады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
4. Орталық депозитарий Биржадан Орталық депозитарий мен Биржа арасында жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушыға қызмет көрсету туралы шартта (бұдан әрі - сауда-саттықты ұйымдастырушыға қызмет көрсету туралы шарт) анықталған тәртіппен сауда-саттықты ашу туралы хабарлама алғаннан кейін Биржаға "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" қосымша белгісі бар депоненттердің банктік шоттарындағы және қамтамасыз етуді тексерумен сауда-саттыққа ауыстырылған резидент депоненттердің корреспонденттік шоттарындағы ақша туралы ақпаратты жібереді. Бұл ретте Орталық депозитарий Биржа берген ақпаратқа сәйкес ұйымдастырылған нарықта жасалған (жүзеге асырылған) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) бойынша есеп айырысу осы күні мүмкін валюталар туралы ғана ақпаратты Биржаға береді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы, 2016 жылғы 8 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді*).
5. Шығыс операциялары тоқтатылған депоненттің банктік шотындағы ақша туралы мәліметтер, сондай-ақ тыйым салынған немесе кез келген басқа шектеу салынған ақша туралы мәліметтер осы баптың 4-тармағына сәйкес Биржаға жіберілетін ақпаратқа енгізілмейді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді және Орталық*

*депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

6. Орталық депозитарий Биржаға екі төменде көрсетілген шарттарды сақтаған жағдайда, депоненттің банктік шотынан ақшаны есептен шығару туралы хабарлайды *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді):*
  - 1) депоненттің банктік шотының "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" деген қосымша белгісі бар; және
  - 2) ақшаны есептен шығару осы Қағиданың 3-бабының 7-тармағының 1)–4) тармақшаларында көрсетілмеген құжаттар негізінде жүзеге асырылды.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді).*

#### **9-бап.**

#### **Депоненттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату тәртібі**

1. Депоненттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру тиісінше өкілеттіктері бар мемлекеттік органның шешімінің (қаулысының) негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі осы бапта – шешім).
2. Шешімді Орталық депозитарий шешімде көрсетілген тұлғаның дәл идентификациясы жағдайында ғана және осы тұлғаның Орталық депозитарийдегі ашық банктік шоты болған кезде орындайды.
3. Депоненттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрған жағдайда Орталық депозитарий:
  - 1) бұл туралы депонентке хабарлайды;
  - 2) депоненттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрған шешім негізінде мемлекеттік орган бұл туралы хабарлайды;
  - 3) ашық банктік шоттардың журналына тиісті жазба жасайды;
  - 4) (егер депоненттің банктік шотында "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" деген қосымша белгі болса немесе қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға ауыстырылған резидент депоненттің корреспонденттік шоты болса) Биржаға депоненттің банктік шотындағы ақша сомасының азайғаны туралы хабарлайды (осы Қағиданың 8-бабының 4-тармағының екінші сөйлемінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді).*

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

4. Депоненттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын жаңарту тиісінше өкілеттіктерге ие мемлекеттік органның тиісті шешімінің (қаулысының) негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда жүргізіледі.
5. Депоненттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын жаңғыртқан жағдайда, Орталық депозитарий:
  - 1) бұл туралы депонентке хабарлайды;
  - 2) депоненттің банктік шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған шешім негізінде бұл туралы мемлекеттік органға хабарлайды;
  - 3) ашылған банктік шоттардың журналына тиісті жазба жасайды;
  - 4) (егер депоненттің банктік шотында "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" деген қосымша белгі болса немесе қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға ауыстырылған резидент депоненттің корреспонденттік шоты болса және депоненттің банктік шотында ақша болса) Биржаға депоненттің банктік шотындағы ақша сомасының ұлғайғаны туралы хабарлайды (осы Қағиданың 8-бабының 4-тармағының екінші сөйлемінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді).*

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

#### **10-бап. Депоненттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу тәртібі**

1. Депоненттің банктік шотындағы ақшаға тыйым салу (бұдан әрі осы бапта – тыйым салу) тиісінше өкілеттіктерге ие мемлекеттік орган шешімінің (қаулысының) негізінде жүргізіледі (бұдан әрі осы бапта – шешім).
2. Шешімді Орталық депозитарий шешімде көрсетілген тұлғаны дәл сәйкестендірген жағдайда және осы тұлғада Орталық депозитарийде ашылған банктік шот болған жағдайда ғана орындайды.
3. Орталық депозитарий шешімде көрсетілген сомадағы ақшаға тыйым салады.
4. Шешімде көрсетілген валютадағы ақша сомасының депоненттің банктік шотында жеткіліксіз болған жағдайда, Орталық депозитарий тиісінше валютадағы ақшаның барлық қалған сомасына тыйым салады және содан кейін бірізділікпен депоненттің банктік шотындағы басқа валютадағы ақшаға тыйым салады. Орталық депозитарий бірнеше валютадағы ақшаға тыйым

салған жағдайда, тыйым шешімге сәйкес тыйым салыну қажет ақшаға баламалы сомаға салынады. Валюта бағамын анықтау үшін тыйым салған күні тиісінше шетел валютасында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының ресми бағамы пайдаланылады.

4-1. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде, Орталық депозитарий Биржаға "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" қосымша белгісі бар депоненттің банктік шотында және осы Қағиданың 8-бабының 4-тармағының екінші сөйлемінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға ауыстырылған резидент депоненттің корреспонденттік шотындағы ақша сомасының азайғаны туралы хабарлама жібереді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді*).

5. Депоненттің банктік шотындағы ақша сомасының шешімнің толық орындалуы үшін жеткіліксіздігі жағдайында Орталық депозитарий шешімнің толық орындалуына қажет ақша сомасына жеткенге дейін осы банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады. Бұл ретте Орталық депозитарий осы банктік шотқа келіп түсетін кез келген валютадағы барлық ақшаға тыйым салады.

Орталық депозитарий Биржаға осы банктік шотта тыйым салынатын ақша сомасының ұлғаюы туралы хабарламайды (*осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді*).

6. Депоненттің банктік шотындағы ақшадан тыйымды алып тастау тиісінше өкілеттіктерге ие мемлекеттік органның сәйкесінше шешімінің (қаулысының) негізінде жүргізіледі.

Тыйымды алып тастаған кезде Орталық депозитарий Биржаға "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" қосымша белгісі бар депоненттің банктік шотындағы және осы Қағиданың 8-бабының 4-тармағының екінші сөйлемінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға ауыстырылған резидент депоненттің корреспонденттік шотындағы ақша сомасының ұлғайғаны туралы хабарлама жібереді (*осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді*).

7. Бұрын тыйым салынған ақшаны депоненттің банктік шотынан аудару тиісінше өкілеттіктерге ие мемлекеттік органның шешімінің (қаулысының) негізінде жүзеге асырылады.

8. Осы баптың 3–7-тармақтарымен көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде, Орталық депозитарий барлық іс-әрекеттер туралы жүзеге асырылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей депонентке және мемлекеттік органға хабарлайды, мемлекеттік органның шешімі негізінде депоненттің банктік шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрды және/немесе ақшаға тыйым салынды, сондай-ақ ашылған банктік шоттар журналына тиісті белгі қояды.

**11-бап. ҚБЕО-дан алынған құжаттар негізінде депоненттің банктік шотына ақша енгізу тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 8 маусымдағы шешімімен толықтырылды және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

1. Депоненттің банктік шотына ұлттық валютадағы ақшаны енгізу ҚБЕО-дан алынған депоненттің пайдасына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісіндегі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Орталық депозитарийдің шотына ақша енгізуді растайтын құжаттар (бұдан әрі осы бапта – құжаттар) негізінде жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 5 ақпандағы шешімімен толықтырылды).*
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қажет банктік және/немесе өзге деректемелер бар құжаттарды алған кезде, Орталық депозитарий құжаттарда көрсетілген депоненттің банктік шотына ақшаны есептейді.
3. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет құжаттарда банктік және/немесе өзге деректемелер жоқ болғанда немесе дұрыс көрсетілмеген жағдайда, ақшаны шотқа "анықталғанға дейінгі сомалар" шотына есептейді және содан кейін осы Қағиданың 28-бабына сәйкес осы шоттан ақшаны қайтарады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*
4. Орталық депозитарий құжаттардың мазмұнында бенефициар банктің немесе бенефициардың атауында орфографиялық қателер болған жағдайда және оларды дәл сәйкестендіру мүмкін болған жағдайда, Орталық депозитарий құжаттарда көрсетілген депоненттің банктік шотына ақшаны аударады.
5. Депоненттің банктік шотына ақша енгізген жағдайда, Орталық депозитарий Биржаға "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" қосымша белгісі бар депоненттің банктік шотында және осы Қағиданың 8-бабының 4-тармағының екінші сөйлемінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, егер депоненттің осы банктік шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатылмаса, қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға ауыстырылған резидент депоненттің корреспонденттік шотындағы ақша сомасының ұлғайғаны туралы хабарлама жібереді *(осы тармақ*

*Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы, 2016 жылғы 8 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді).*

**12-бап. Қызмет көрсететін банктен алынған құжаттардың негізінде депоненттің банктік шотына ақша енгізу тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

1. Қызмет көрсететін банктен алған қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарийдің шотына ақшаны есептеуді растайтын құжаттардың негізінде депоненттің банктік шотына ақшаны есептеу (бұдан әрі осы бапта – құжаттар) депоненттің тиісінше хабарламасын алған жағдайда ғана жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*
2. Депоненттің хабарламаны беру тәртібі осы Қағиданың 7-бабымен белгіленеді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*
3. Орталық депозитарий хабарламада көрсетілген валюталау датасы күнінде хабарламада көрсетілген ақша сомасының қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарийдің шотына түсуін тексереді.
4. Егер Орталық депозитарий хабарламада көрсетілген валюталау датасы күнінде және Регламентпен белгіленген уақыт аяқталғанға дейін, қызмет көрсететін банктен тиісінше құжаттарды алмаған жағдайда, Орталық депозитарий бұл туралы депонентке хабарлады.
- 4-1. Егер Орталық депозитарий қызмет көрсететін банктен Орталық депозитарийдің шотына ақшаны есептеу туралы куәландыратын құжаттарды алып, бірақ депоненттің тиісінше хабарламасын алмаған жағдайда, сондай-ақ егер мұндай есептеу қаржы құралдарына сыйақы төлеумен, өтеумен, айырбастаумен немесе өзгертумен байланысты болмаса, Орталық депозитарий "анықталғанға дейінгі сомалар" шотына ақшасын есептейді және қызмет көрсететін банкке ақшаны жөнелтушінің деректемелерінің беру туралы сұратуды жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді).*
5. Егер Орталық депозитарий қызмет көрсететін банктен тиісінше құжаттарды және депоненттен тиісінше хабарламаны алған жағдайда, Орталық депозитарий хабарламада көрсетілген депоненттің банктік шотына ақшаны аударады және бұл туралы депонентке хабарлады.

6. Орталық депозитарий Біржаға "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" қосымша белгісі бар депоненттің банктік шотындағы және осы Қағиданың 8-бабының 4-тармағының екінші сөйлемінде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, егер депоненттің осы банктік шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатылмаса, қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға ауыстырылған резидент депоненттің корреспонденттік шотындағы ақша сомасының ұлғайғаны туралы хабарлама жібереді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді*).

**13-бап. Депоненттің нұсқауы негізінде Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шотынан ақша аудару**

1. Депоненттің нұсқауы негізінде Орталық депозитарийдегі резидент депоненттің банктік шотынан ақша аудару (бұдан әрі осы бапта – ақша аудару) осы баптың 1-1 және 1-2 тармақтарында белгіленгендерді қоспағанда, осы депоненттің басқа банктегі банктік шотына ақша аударған жағдайда ғана жүзеге асырылады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 17 мамырдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен толықтырылды және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
- 1-1. Депоненттің банктік шотынан ақшаны осы депоненттің клиенттік шотына аудару және керісінше аудару осы ақша аударымы тиісінше клиенттік тапсырыстың (тапсырманың) негізінде маржиналдық мәмілені жасау барысында қайтарымдылық пен ақылылық жағдайында депоненттің өз клиентіне ақшаны беруімен байланыстылығын растайтын хатты Орталық депозитарий алған жағдайда ғана жүзеге асырылады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 17 мамырдағы шешімімен енгізілді*).
- 1-2. Орталық депозитарийдегі резидент депоненттің корреспонденттік шотынан ақша аудару БААЖ-да осы депоненттің позициясына ғана жүзеге асырылуы мүмкін (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
2. Депонент Орталық депозитарийдегі банктік шотынан ақшаны аудару мақсатында өзі пайдаланатын басқа банктердегі өзінің банктік шоттарын дербес айқындайды және Орталық депозитарийге мына тәсілдердің бірімен осындай шоттардың тізбесі мен деректемелерін ұсынады:
  - 1) қағаз нұсқада еркін нысанда жасалған хатпен немесе "есептен шығару үшін банктік деректемелер" ретінде қосалқы шоттың деректемелерінде. Қағаз нұсқада берілген хатқа депонент



қызметкерлері қол қоюы тиіс, қызметкерлердің қолтаңба үлгілері Орталық депозитарийдегі қолтаңба үлгілері мен осы депоненттің мөр бедері бар карточкаға енгізілген, сондай-ақ мөр бедері аталған құжатта бар депонент мөрімен куәландырылған *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

- 2) "депоненттің немесе оның клиентінің ақшасын басқа банктерге аудару үшін банктік деректемелерін" көрсету арқылы Орталық депозитарийде қосалқы шотты ашуға, деректемелерін өзгертуге немесе жабуға берілген бұйрықпен *(осы тармақша қолданысқа енгізілген жоқ)*.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді)*.

3. Депонент басқа банктердегі өзінің банктік шоттарының тізбесі мен деректемелерінің өзгергені туралы Орталық депозитарийге уақтылы хабарламау салдарынан болған жауапкершілікті көтереді.
4. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды)*.
5. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды)*.
6. Орталық депозитарий депоненттің нұсқауын орындаған күні ол ақша аударарды (осы Қағиданың 24-1 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімдерімен өзгертілді)*.
7. Орталық депозитарий ақшаны аударуға берген депоненттің нұсқауын орындаған күні Орталық депозитарий осы депоненттің банктік шотындағы ақшаның тиісінше сомасын оқшаулайды және БААЖ-ға немесе қызмет көрсететін банкке депоненттің нұсқауы негізінде жасалған ақша аударуға төлем құжатын жолдайды *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді)*.
8. БААЖ-дан немесе қызмет көрсететін банктен Орталық депозитарийдің төлем құжатының орындалмағанын растайтын құжаттарды алған кезде, Орталық депозитарий орындалмау себептерін анықтайды және БААЖ-ға немесе қызмет көрсететін банкке ақшаны аударуға төлем құжатын қайтадан жолдайды.
9. Төлем құжатының орындалмау себептерін жою мүмкін болмаған жағдайда және/немесе егер орындалмау себептері Орталық депозитарийден тәуелсіз сыртқы факторлармен байланысты болса, Орталық депозитарий осы депоненттің банктік шотындағы ақшаның бұрын оқшауланған сомасын оқшаудан шығарады және келесіні жолдайды:

- 1) депонентке оның нұсқауының орындалмағаны туралы хабарламаны;
- 2) Биржаға егер осы банктік шотта "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" деген қосымша белгісі болған жағдайда осы депоненттің банктік шотындағы және осы Қағиданың 8-бабының 4-тармағының екінші сөйлемімен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға аударған резидент депоненттің корреспонденттік шотындағы ақша сомасының ұлғайғаны туралы хабарламаны *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді)*.

10. БААЖ-дан немесе қызмет көрсететін банктен Орталық депозитарийдің төлем құжатының орындалғанын растайтын құжаттарды алған кезде, Орталық депозитарий осы депоненттің банктік шотынан ақшаны есептен шығарады және осы депонентке оның нұсқауының орындалғаны туралы хабарламаны жібереді.

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.

**14-бап.**        **Депонент нұсқауының негізінде басқа банктегі банктік шотқа ағымдық/корреспонденттік шоттан ақша аудару тәртібі**

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды)*.

**15-бап.**        **Депонент нұсқауының негізінде клирингтік шотқа ағымдық/корреспонденттік шоттан ақша аудару тәртібі**

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды)*.

**16-бап.**        **Депонент нұсқауының негізінде ағымдық/корреспонденттік шоттағы клирингтік шоттан ақша аудару тәртібі**

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды)*.

**4-1 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫ БОЙЫНША ӨТЕМАҚЫЛЫҚ ТӨЛЕМДІ АУДАРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫМЕН МӘМІЛЕНІ (ОПЕРАЦИЯНЫ) ТІРКЕУ БАРЫСЫНДА АҚША АУДАРУ ТӘРТІБІ**

*(Осы тарау Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді)*.

**17-бап. Репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді аудару және қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында ақша аудару туралы жалпы ережелер**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

1. Қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында немесе репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында ақшаны аудару мәмілені (операцияны) тіркеу үшін негіздеме қызметшінің құжатында (қызметшілердің құжаттарында) көрсетілген валютада жүзеге асырылады (бұдан әрі 4-1 тарауда – бұйрық) *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен өзгертілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен толықтырылды).*
2. Егер бұйрықта көрсетілген валютадағы ақшаны аудару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуға әкелсе, Орталық депозитарий бұйрықты орындаудан бас тартады.
3. Қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеу барысында ақшаны аудару Қағидалар жинағына кіретін Депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасымен айқындалған мәмілелер (операциялар) бойынша ғана жүзеге асырылады (бұдан әрі – Депозитарлық қызметтер қағидасы) *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен өзгертілді).*
4. Ақшаны аудару мына жағдайларда жүргізіледі:
  - 1) екі депонент арасында жасалған репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен өзгертілді);*
  - 2) екі түрлі депоненттердің клиенттері арасында жасалған репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен өзгертілді);*
  - 3) депонент пен басқа депоненттің клиенті арасында жасалған репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен өзгертілді);*
  - 4) Орталық депозитарийде шоты бар депонент пен оның клиенті арасында жасалған репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы

құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімдерімен өзгертілді)*;

- 5) мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды тіркеу барысында *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді)*.
5. Бұйрықтың негізінде репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында осы бұйрықта көрсетілген сомада осы тармақтың екінші абзацымен белгіленгендерді қоспай жүзеге асырылады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен толықтырылды)*.

Жазылу арқылы жасалған мәмілелерді (операцияларды) тіркеуге бұйрықтар ведомосінің негізінде мәмілелерді (операцияларды) тіркеу барысында (бұдан әрі – бұйрықтардың тізімдемесі) ақшаны аудару осы тізімдемеде көрсетілген осы жөнелтушінің барлық бұйрықтарын орындау үшін қажетті жеткілікті сомада және жеке әрбір ақшаны жіберушіге жасалады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 27 тамыздағы және 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімдерімен өзгертілді)*.

6. Депонент Орталық депозитарийдегі өзінің банктік шоттарында немесе БААЖ-дағы өзінің позициясында репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру үшін немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу үшін ақшаның жеткілікті сомасының болуын қамтамасыз етуге міндетті *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді)*.
7. Орталық депозитарий қабылдаған бұйрықты орындау күнінде ол ақшаны жөнелтушінің банктік шотында ақшаның жеткілікті сомасының болуын тексереді.

Аталған тексеру кері нәтиже берген кезде Орталық депозитарий берілген бұйрықты орындаудан бас тартады.

Аталған тексеру оң нәтиже берген кезде Орталық депозитарий осы баптың 7-1–11-тармақтарына сәйкес ақшаны аударады (осы Қағиданың 24-1 бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен өзгертілді)*.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.

- 7-1. Орталық депозитарий қабылдаған бұйрықтар тізімдесінде көрсетілген бұйрықтарды орындау күні ол бір бұйрықтар тобына кіретін барлық бұйрықтарды орындау үшін жеткілікті сомада Депозитарлық қызметтер қағидасына сәйкес Орталық депозитарий жасаған осындай бұйрықтардың әрбір тобы бойынша ақшаны жөнелтушінің банктік шотындағы ақшаны тексереді *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 2 қарашадағы шешімімен өзгертілді)*.

Аталған тексеру кері нәтиже берген кезде Орталық депозитарий ақшаны жөнелтушінің шотында ақша жеткіліксіз болған бұйрықтардың тобына кіретін бұйрықтарды орындаудан бас тартады.

Аталған тексеру оң нәтиже берген кезде Орталық депозитарий осы Қағидаға сәйкес бұйрықтардың тобы бойынша ақшаны аударады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 27 тамыздағы шешімімен енгізілді)*.

8. Ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықта депонент жасаған (жүзеге асырған) қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында немесе репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында ұлттық валютадағы ақшаны аудару депоненттің Орталық депозитарийде қосалқы шотты ашуға, деректемелерін өзгертуге немесе жабуға берілген бұйрығында көрсетілген банктік шот бойынша жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді)*.

9. Ұйымдастырылған нарықта депонент жасаған (жүзеге асырған) қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында немесе репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында ұлттық валютадағы ақшаны аудару Орталық депозитарийдегі резидент депоненттің корреспонденттік шоты бойынша, егер осы депоненттің банктік шоты "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" немесе корреспонденттік шоты қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға ауыстырылған резидент депоненттің атына ашылса және мәміле сауда-саттықта толық алдын ала қамтамасыз ету мәмілелерінде жасалса жүзеге асырылады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді)*.

10. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын орналастыруды тіркеу барысында ұлттық валютадағы ақшаны аудару депоненттің Орталық депозитарийде жеке шотты ашуға, деректемелерін өзгертуге немесе жабуға берілген бұйрықта көрсетілген банктік шот бойынша жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10*

*маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*

- 10-1. Орталық депозитарий Биржаның қаржы құралдарымен нетто-операцияларды тіркеу бұйрығын орындаған кезде ақша аудару Орталық депозитарийдегі депоненттердің банктік шоттары бойынша жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен өзгертілді).*
11. Ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықта депонентпен жасалған (жүзеге асырылған) қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында шетел валютасындағы ақшаны аудару Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шоты бойынша жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*
12. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*
13. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*
14. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*
15. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*

**18-бап. Ұлттық Банктегі депоненттердің позициялары бойынша репо операциялары жөніндегі өтемақылдық төлемді жүзеге асыру кезінде немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында ақша аудару тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*

1. Орындауға қабылданған бұйрықтың негізінде Орталық депозитарий Ұлттық Банктегі ақшаны жөнелтуші – депонент шотынан Ұлттық Банктегі Орталық депозитарийдің шотына ақшаны аударуға төлем тапсырмасын жасайды және БААЖ-ға жолдайды.

Төлем тапсырмасын қалыптастыру үшін негіздемелер осы депонентпен жасалған депозитарлық қызмет көрсетуге жасасқан шарт пен бұйрық болып табылады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*

2. БААЖ Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасын орындамаған жағдайда Орталық депозитарий Депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
3. Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасын орындаған жағдайда, Орталық депозитарий "транзиттік" шотына ақша аударады, сондай-ақ Ұлттық Банктегі Орталық депозитарийдің шотынан Ұлттық Банктегі ақшаны алушы – депонент шотына ақшаны аударуға төлем тапсырмасын жасайды және БААЖ-ға жолдайды (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді*).
4. Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасын орындамаған жағдайда Орталық депозитарий орындалмау себептерін анықтайды және себептерін жойған жағдайда, қайтадан БААЖ-ға Орталық депозитарийдің позициясынан БААЖ-ға ақшаны алушы депоненттің позициясына БААЖ-ға ақшаны аударуға төлем тапсырмасын жолдайды (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді*).
5. Орындалмау себептерін жою мүмкін болмаған жағдайда және/немесе егер орындалмау себептері Орталық депозитарийден тәуелсіз сыртқы факторлармен байланысты болған жағдайда, ақша жөнелтушіге қайтарылады және Орталық депозитарий Депозитарлық қызметтер қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
6. Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасын орындаған жағдайда Орталық депозитарий "транзиттік" шотынан ақшаны есептен шығарады және қажет болғанда, Депозитарлық қызметтер қағидасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілені тіркеуді жүзеге асырады.

**19-бап. Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шотына Ұлттық Банктегі депоненттің позициясынан репо операциялары бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында ақша аудару тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*

1. Орындауға қабылданған бұйрықтың немесе бұйрықтар тізімдемесінде көзделген орындауға қабылданған бұйрықтар тобының негізінде Орталық депозитарий БААЖ-ға ақша жіберуші – депонент шотынан БААЖ-ға Орталық депозитарийдің шотына ақша аудару төлем тапсырмасын жасайды және БААЖ-ға жолдайды.

Төлем тапсырмасын жасау үшін негіздемелер бұйрық немесе бұйрықтар тобы, сондай-ақ осы депонентпен жасалған депозитарлық қызмет көрсету шарты болып табылады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 27 тамыздағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*

2. Орталық депозитарий төлем тапсырмасын орындамаған жағдайда, Орталық депозитарий Депозитарлық қызметтер қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
3. Орталық депозитарий төлем тапсырмасын орындаған жағдайда, Орталық депозитарий "транзиттік" шотына ақша аударады, содан соң "транзиттік" шотынан ақшаны ақша алушы – депоненттің тиісінше банктік шотына аударады және қажет болғанда Депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілені/мәмілелерді тіркеуді жүзеге асырады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 27 тамыздағы шешімімен өзгертілді).*

**20-бап. Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шотынан Ұлттық Банктегі депонент позициясына репо операциясы бойынша өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында немесе қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында ақша аудару тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*

1. Орындауға қабылданған бұйрықтың негізінде Орталық депозитарий ақшаны жөнелтуші депоненттің банктік шотында ақшаның жеткілікті сомасының болуын тексереді.
2. Ақшаны жөнелтуші депоненттің банктік шотында ақшаның жеткілікті сомасы болмаған жағдайда, Орталық депозитарий Депозитарлық қызметтердің қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
3. Ақша жіберуші депоненттің банктік шотында ақшаның жеткілікті сомасы болған жағдайда, Орталық депозитарий жөнелтуші депоненттің банктік шотынан ақшаны есептен шығарады және ақшаны "транзиттік" шотына есептейді, сондай-ақ БААЖ-ға БААЖ-дағы Орталық депозитарийдің шотынан БААЖ-дағы ақша алушы депоненттің шотына ақша аударуға төлем тапсырмасын жасайды және жібереді.

Ақшаны алу үшін негіздемелер бұйрық немесе бұйрықтар тобы, сондай-ақ Шарт болып табылады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*



4. Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасын орындамаған жағдайда Орталық депозитарий орындалмау себептерін анықтайды және оларды жойған жағдайда қайтадан БААЖ-ға төлем тапсырмасын жібереді.
5. Орындалмау себептерін жою мүмкін болмаған жағдайда және/немесе егер орындалмау себептері Орталық депозитарийден тәуелсіз сыртқы факторлармен байланысты болған жағдайда, Орталық депозитарий керісінше "транзиттік шотынан" ақшаны жөнелтуші депоненттің банктік шотына аударады және қажет болғанда Депозитарлық қызметтер қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
6. Орталық депозитарий төлем тапсырмасын орындаған жағдайда Орталық депозитарий "транзиттік" шотынан ақшаны есептен шығарады және қажет болғанда Депозитарлық қызметтер қағидасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілені тіркеуді жүзеге асырады.

**21-бап. Қаржы құралдарымен мәмілені (операцияны) тіркеу барысында немесе Орталық депозитарийдегі депоненттердің банктік шоттары бойынша репо операциясы жөніндегі өтемақылық төлемді жүзеге асыру барысында ақша аудару тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

1. Осы бапта белгіленген нормалар Орталық депозитарийдің номиналды ұстауына қаржы құралдарын енгізген кезде, Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығарған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын өзгерту/айырбастау туралы жазбаларды енгізу бойынша операцияны тіркеу барысында Орталық депозитарий жүзеге асыратын ақшаны аударуға қолданбайды *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен енгізілді).*
- 1-1. Орындауға қабылданған бұйрықтың немесе бұйрықтар тізімдемесінде көрсетілген орындауға қабылданған бұйрықтар тобының негізінде Орталық депозитарий ақшаны жөнелтуші депоненттің банктік шотында ақшаның жеткілікті сомасының болуын тексереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 27 тамыздағы және 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімдерімен өзгертілді).*
2. Ақша жіберуші депоненттің банктік шотында ақшаның жеткілікті сомасы болмаған жағдайда, Орталық депозитарий Депозитарлық қызметтің қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
3. Ақша жіберуші депоненттің банктік шотында ақшаның жеткілікті сомасы болған жағдайда, Орталық депозитарий ақшаны жөнелтуші

депоненттің банктік шотынан ақшаны "транзиттік" шотына, ал содан кейін "транзиттік" шотынан ақша алушы – депоненттің банктік шотына аударады.

Ақшаны алу үшін негіздемелер бұйрық немесе бұйрықтар тобы, сондай-ақ Шарт болып табылады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.

4. Ақша алушы депоненттің банктік шотына ақшаны есептегеннен кейін Орталық депозитарий қажет болғанда, Депозитарлық қызметтер қағидасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілені/мәмілелерді тіркейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 27 тамыздағы шешімімен өзгертілді)*.

**21-1 бап. Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттер заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын айырбастау/өзгерту туралы жазбаларды енгізу бойынша операцияны тіркеу барысында ақша аудару тәртібі**

1. Орталық депозитарий орындауға қабылданған бұйрықтың негізінде өзгертуге/айырбастауға жататын айырбасталатын қаржы құралдарын ұстаушылардың банктік шоттарына есептеуге арналған ақшаның қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарийдің шотына түскендігін тексереді (бұдан әрі осы бапта – айырбасталатын қаржы құралдары).
2. Егер айырбасталатын қаржы құралдарын ұстаушылардың банктік шоттарына енгізуге арналған ақша Орталық депозитарийдің шотына бұйрыққа сәйкес келмейтін сомада түскен жағдайда, Орталық депозитарий:
  - 1) айырбастау себептерін анықтайды және оларды жою бойынша шараларды қабылдайды;
  - 2) айырмашылықты жойған жағдайда, осы баптың 3-тармағында көрсетілген іс-әрекетті жүзеге асырады;
  - 3) айырмашылықты жою мүмкін болмаған жағдайда, ақша жіберушіге ақшаны қайтару бойынша шаралар қабылдайды.
3. Егер айырбасталатын қаржы құралдарын ұстаушылардың банктік шоттарына есептеуге арналған ақша қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарийдің шотына бұйрыққа сәйкес келетін сомада түскен жағдайда, Орталық депозитарий осы тармақтың екінші абзацымен белгіленген ерекшелікті ескеріп, Орталық депозитарий депоненттерінің банктік шоттарына ақшаның қажетті сомасын есептейді.

Ақша бұйрықтары орындауға қабылданған депоненттердің банктік шоттарына есептеледі.

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 шілдедегі шешімімен енгізілді).*

**22-бап. Ақша аударымымен Орталық депозитарийдің номиналды ұстауына қаржы құралдарын енгізуді тіркеу барысында ақша аудару тәртібі**

1. Орындауға қабылданған бұйрықтың негізінде Орталық депозитарий ақшаны жөнелтуші депоненттің банктік шотында бұйрықта көрсетілген валютадағы ақшаның жеткілікті сомасының болуын тексереді.
2. Ақшаны жөнелтуші депоненттің банктік шотында қажетті валютадағы ақшаның жеткілікті сомасы болмаған жағдайда, Орталық депозитарий Депозитарлық қызметтер қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
3. Ақшаны жөнелтуші депоненттің банктік шотындағы қажетті валютадағы ақшаның жеткілікті сомасы болған жағдайда, Орталық депозитарий ақшаны жөнелтуші депоненттің банктік шотынан ақшаның тиісінше сомасын "транзиттік" шотына аударады.

Ақшаны алу үшін негіздемелер бұйрық, сондай-ақ ағымдық шот шарты немесе Шарт болып табылады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

4. Есепке алу ұйымынан Орталық депозитарийдің бұйрығының орындалмауын растайтын құжаттарды алған жағдайда, Орталық депозитарий сол күні ақшаны "транзиттік" шоттан ақшаны қайтадан жөнелтуші депоненттің банктік шотына аударады.
5. Есепке алу ұйымынан Орталық депозитарийдің бұйрығының орындалуын растайтын құжаттарды алған және қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарий шотынан ақшаның тиісінше сомасын есептен шығарған жағдайда, Орталық депозитарий сол күні "транзиттік" шотынан ақшаны есептен шығарады және Депозитарлық қызметтер қағидасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілені тіркейді.

**23-бап. Ақша аударымымен Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығаруды тіркеу барысында ақша аудару тәртібі**

1. Есепке алу ұйымынан алған Орталық депозитарий бұйрығының орындалғанын және қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарийдің шотына ақшаның тиісінше сомасының есептелуін растайтын құжаттардың негізінде, Орталық депозитарий қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарийдің шотынан ақшаны

"транзиттік" шотына, содан кейін "транзиттік" шоттан ақша алушы депоненттің банктік шотына аударады.

2. Ақша алушы депоненттің банктік шотына ақшаны аударғаннан кейін Орталық депозитарий Депозитарлық қызметтер қағидасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілені тіркейді.

**24-бап. Орталық депозитарийдің номиналды ұстауына қаржы құралдарын енгізу және Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығаруды тіркеу барысында депоненттің алымдарын төлеумен ақша аудару тәртібі**

*(Осы тақырып өзгертілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен толықтырылды).*

1. Орындауға қабылданған бұйрықтың негізінде Орталық депозитарий аталған бұйрықты Орталық депозитарийге жіберген депоненттің банктік шотындағы ақшаның жеткілікті сомасының алымдарды төлеу валютасында болуын тексереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*
2. Осы депоненттің банктік шотындағы ақшаның жеткілікті сомасы болмаған жағдайда, Орталық депозитарий Депозитарлық қызметтер қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
3. Осы депоненттің банктік шотындағы ақшаның жеткілікті сомасы болған жағдайда, Орталық депозитарий осы банктік шоттағы алымдарды төлеу үшін қажет сомадағы ақшаны оқшаулайды және Депозитарлық қызметтер қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*
4. Есепке алу ұйымынан Орталық депозитарий бұйрығының орындалмағанын растайтын құжаттарды алған жағдайда, Орталық депозитарий сол күні депоненттің тиісінше банктік шотындағы ақшаны оқшаудан шығарады, сондай-ақ Депозитарлық қызметтер қағидасында көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
5. Есепке алу ұйымынан Орталық депозитарий бұйрығының орындалғанын және қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарий шотынан ақшаның есептен шығарылғанын растайтын құжаттарды алған жағдайда, Орталық депозитарий сол күні депоненттің тиісінше банктік шотынан ақшаны есептен шығарады және Депозитарлық қызметтер қағидасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілені тіркейді.

Ақшаны алу үшін негіздемелер бұйрық, есепке алу ұйымының құжаттары, сондай-ақ Шарт болып табылады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

6. Егер алымдарды төлеуге қызмет көрсетілетін банктегі Орталық депозитарийдің шотынан есепке алу ұйымы есептен шығарған ақша сомасы депоненттің банктік шотында оқшауланған ақша сомасынан аз болған жағдайда, Орталық депозитарий осы банктік шоттан есепке алу ұйымы есептен шығарған сомаға теңдей ақша сомасын есептен шығарады, сондай-ақ депоненттің осы банктік шотындағы қалған ақша сомасын оқшаулайды.

Ақшаны алу үшін негіздемелер бұйрық, есепке алу ұйымының құжаттары, сондай-ақ Шарт болып табылады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді)*.

7. Егер алымдарды төлеуге қызмет көрсетілетін банктегі Орталық депозитарийдің шотынан есепке алу ұйымы есептен шығарған ақша сомасы алымдарды төлеуге депоненттің банктік шотында бұрын оқшауланған ақша сомасынан көп болған жағдайда, Орталық депозитарий алымдарды толық төлеу үшін қажетті валютадағы ақшаның жеткілікті сомасының депоненттің банктік шотында болуын тексереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.

8. Егер алымдарды толық төлеу үшін қажетті валютадағы ақша жеткілікті болған жағдайда, Орталық депозитарий депоненттің банктік шотынан қажетті соманы есептен шығарады.

Ақшаны алу үшін негіздемелер бұйрық, есепке алу ұйымының құжаттары, сондай-ақ Шарт болып табылады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.

9. Егер алымдарды толық төлеу үшін қажет валютадағы ақша жеткіліксіз болған жағдайда, Орталық депозитарий депонентке депонент ақша есептеп, аударуы тиіс мерзімді көрсетіп алымдарды толық төлеу үшін қажет валютада және сомадағы ақшаны депоненттің тиісінше банктік шотына есептеу қажеттілігі туралы хабарламаны жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.

10. Депоненттің тиісінше банктік шотына алымдарды толық төлеу үшін ақша түскен күні Орталық депозитарий депоненттің осы банктік шотынан қажетті соманы есептен шығарады.

Ақшаны алу үшін негіздемелер болып бұйрық, есепке алу ұйымының құжаттары, сондай-ақ Шарт болып табылады *(осы*

*абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*

11. Егер алымдарды толық төлеу үшін ақша депоненттің тиісінше банктік шотына түспеген жағдайда, Орталық депозитарий қажетті сома түскенге дейінгі депоненттің нұсқауларын орындауды тоқтатады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

**24-1 бап. Биржаның осы аударымды тексеру мүмкіндігімен ақша аудару ерекшелігі**

1. Орталық депозитарий ақша аударуды осындай аударымды жүзеге асыру мүмкіндігіне Биржаның тексеруінің тек оң нәтижесін алу шартымен төмендегідей жағдайда жүзеге асырады:
    - 1) егер осы аударым депонент нұсқауының негізінде жүзеге асырылса және төмендегідей өлшемдерге сәйкес келсе:

ақша жіберушінің банктік шотында осы аударымды жүзеге асыру үшін жеткілікті сомадағы ақша болса;

ақша жіберушінің банктік шотында "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" қосымша белгісі болса немесе қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға аударылған резидент депоненттің корреспонденттік шоты болса;
    - 2) егер осы аударым қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеу шегінде жүзеге асырылса және төмендегідей өлшемдерге сәйкес келсе:

аталған мәмілелер (операция) ұйымдастырылмаған нарықта жасалса (жүзеге асырылса);

ақша жіберушінің банктік шотында осы аударымды жүзеге асыру үшін жеткілікті сомадағы ақша болса;

ақша жіберушінің банктік шотында "сауда-саттыққа қатысушының банктік шоты" қосымша белгісі болса немесе қамтамасыз етуді тексерумен есеп айырысуға аударылған резидент депоненттің корреспонденттік шоты болса.
  2. Тексерудің оң нәтижесі Биржаның ұйымдастырылған нарықта жасалған (жүзеге асырылған) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) бойынша есептерді жүзеге асыру үшін қолжетімді ақша сомасының өзгергенін ескергенін білдіреді.
- Тексеру нәтижесін (оң немесе кері) Биржа Орталық депозитарий мен Биржа арасындағы шартпен белгіленген формат бойынша хабарлама түрінде рәсімдейді.

3. Орталық депозитарий Биржаға депоненттің нұсқауын алғаннан кейін немесе қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеуге депонент бұйрығын алғаннан кейін тексеру нәтижесін беруге сұрату жібереді.
4. Орталық депозитарий ақша аударудан бас тартады және қаржы құралдарымен мәмілелерді (операцияларды) тіркеуге нұсқау немесе бұйрық берген депонентке төмендегідей жағдайда, осындай бас тарту негіздемесімен осындай нұсқаудан (бұйрықтан) бас тарту туралы хабарлама жібереді:
  - 1) Биржадан тексерудің кері нәтижесі алынғанда;
  - 2) Биржадан тексерудің оң нәтижесін алынса, алайда ақша жіберушінің банктік шотындағы ақша сомасы оны жүзеге асыру үшін жеткіліксіз болса (мысалы, осы баптың 3-тармағына сәйкес Орталық депозитарий Биржаға сұрату жібергеннен кейінгі кезеңде ақшаға тыйым салу есебінен).
5. Орталық депозитарий ақша аударымын төмендегідей жағдайда осы Қағидада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады:
  - 1) Биржадан тексерудің оң нәтижесі алынса және ақша жіберушінің банктік шотындағы ақша сомасы осы аударымды жүзеге асыру үшін жеткілікті болса;
  - 2) тексерілетін ақша аударымын жүзеге асыру күні болып табылатын операциялық күннің жабылуы кезінде Биржадан тексерудің не оң, не кері нәтижесі алынбаса.
6. Орталық депозитарий Биржаға ақша аударудан бас тартуға немесе ақша аударымын жүзеге асыруға байланысты келесідей хабарламаны жібереді:
  - 1) осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ақша аударымынан бас тартқан кезде – тексеру нәтижесін беру сауалын кері қайтару туралы хабарлама;
  - 2) осы баптың 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ақша аударымын жүзеге асырған кезде – ақша аударымы туралы хабарлама.

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді және Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы, 2016 жылғы 8 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді).*

#### **24-2 бап. Нетто-операцияларды тіркеу барысында ақша аудару тәртібі**

1. Қаржы құралдарымен нетто-операцияларды тіркеу барысында ақшаны аудару Биржаның қаржы құралдарымен нетто-операцияларды тіркеуге берген бұйрығы негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі осы бапта – бұйрық).

2. Қаржы құралдарымен нетто-операцияларды тіркеу барысында ақшаны аудару Биржаның қаржы құралдарымен нетто-операцияларды тіркеуге берген бұйрығында көрсетілген валютада жүзеге асырылады.
3. Қаржы құралдарымен нетто-операцияларды тіркеу барысында ақшаны аудару Орталық депозитарийде ашылған және "саудасаттыққа қатысушының банктік шоты" деген қосымша белгісі бар депоненттердің банктік шоттары бойынша ғана жүзеге асырылады.
4. Бұйрықты алған күні Орталық депозитарий ақша жіберуші депоненттердің банктік шоттарында ақшаның жеткілікті сомасының болуын тексереді.
5. Ақшаны жөнелтуші депоненттердің банктік шоттарында ақшаның жеткілікті сомасы болмаған жағдайда, Орталық депозитарий Депозитарлық қызметтер қағидасымен көзделген іс-әрекетті жүзеге асырады.
6. Ақша жіберуші депоненттердің банктік шоттарында ақшаның жеткілікті сомасы болған кезде, Орталық депозитарий төмендегілерді жүзеге асырады:
  - 1) егер Биржа Орталық депозитариймен ағымдық шот шартын жасаған жағдайда, Биржаның ағымдық шотына ақша жіберуші депоненттің банктік шотынан ақша алуды, содан кейін Биржаның ағымдық шотынан ақша алушы депоненттің банктік шотына ақша аударуды;
  - 2) егер Биржа Орталық депозитариймен ағымдық шот шартын жасамаған жағдайда, "транзиттік" шотқа ақша жіберуші депоненттің банктік шотынан ақша алуды, содан кейін "транзиттік" шоттан ақша алушы депоненттің банктік шотына ақша аударуды.

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

- 6-1. Осы баптың 6-тармағында көзделген ақшаны алу үшін негіздеме Биржаның бұйрығы, сондай-ақ Шарт болып табылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді).*
7. Ақша алушы депоненттердің банктік шотына ақша енгізгеннен кейін Орталық депозитарий Депозитарлық қызметтер қағидасында қарастырылған әрекеттерді жүзеге асырады.

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді).*

**24-3 бап. Қамтамасыз етуді есепке алуды/есептен шығаруды тіркеу барысында ақша аудару тәртібі**

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімімен алынып тасталды).*



**25-бап. Қаржы құралдары бойынша дивидендтерді (сыйақыларды) төлеу кезінде және қаржы құралдарын өтеу кезінде (мерзімінен бұрын өтеу) ақша аудару туралы жалпы ережелер**

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).*

**26-бап. Ұлттық Банкте шоты бар депоненттерге қаржы құралдарын өтеу (мерзімінен бұрын өтеу) кезінде және қаржы құралдары бойынша дивидендтерді (сыйақыларды) төлеу кезінде ақша аудару тәртібі**

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).*

**27-бап. Орталық депозитарийде банктік шоттары бар депоненттерге қаржы құралдарын өтеу (мерзімінен бұрын өтеу) барысында және қаржы құралдары бойынша дивидендтерді (сыйақыларды) төлеу барысында ақша аудару тәртібі**

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды).*

**27-1 бап. Клирингтік сессияның қорытындысы бойынша ақша аудару туралы жалпы ережелер**

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды).*

**27-2 бап. Клирингтік сессияның қорытындысы бойынша клирингтік ұйымның нұсқауларын орындау тәртібі**

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен алынып тасталды).*

#### **4-2-тарау. ТӨЛЕМ АГЕНТІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ АҚША АУДАРУ**

*(Осы тарау Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен енгізілді).*

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

**27-3 бап. Қаржы құралдарын өтеу барысында дивидендтерді, сыйақыны немесе номиналды құнды төлеу барысында ақша аудару туралы жалпы ережелер**

1. Орталық депозитарий төлем тапсырмасын беру арқылы ғана бағалы қағаздар бойынша дивидендтерді, сыйақыны немесе номиналды құнды эмитентке төлеу барысында ақшаны аударады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.
2. Қаржы құралдарын өтеу барысында номиналды құнды немесе сыйақыны, дивидендтерді төлеу үшін Орталық депозитарийдің позициясына БААЖ-ға келіп түскен ақша "сыйақыны және өтемді төлеу үшін сома" шотына сол күні есептеледі *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.
3. Орталық депозитарий қаржы құралдарын өтеу кезінде номиналды құнды немесе сыйақыны, дивидендтерді төлеуге арналған ақша Орталық депозитарийдің қызмет көрсететін банктегі шотына түскен күннен кейінгі күннен кешіктірмей осы төлем қызмет көрсететін банктен алған құжатқа сәйкес түпкілікті болып табылатындығын анықтайды *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.
4. Егер төлем түпкілікті болып табылған жағдайда, Орталық депозитарий қызмет көрсететін банкке келіп түскен ақшаны "сыйақыны және өтемді төлеуге арналған сома" деген шотқа есептейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.
5. Егер төлем түпкілікті болып табылмаған жағдайда, Орталық депозитарий қызмет көрсететін банкке келіп түскен "анықталғанға дейінгі сомалар" шотына ақшаны қызмет көрсететін банктен төлемнің түпкілікті екендігін растайтын құжатты алғанға дейін есептейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.
6. Қызмет көрсететін банктен төлемнің түпкілікті екендігін растайтын құжатты алған күні Орталық депозитарий бұрын есептелген ақша сомасын "анықталғанға дейінгі сомалар" шотынан "сыйақыны және өтемді төлеуге арналған сома" шотына аударады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.
7. Егер эмитенттің Орталық депозитарийге сыйақыны төлеу кезінде немесе мемлекеттік бағалы қағаздарды немесе басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарды өтеу кезінде аударған сомасы Орталық депозитарийдің ішкі есебінің деректеріне сәйкес есептелген сомамен сәйкес келмеген жағдайда, Орталық депозитарий:

- 1) айырмашылықтың себептерін анықтайды және оны жою жөніндегі шараларды қабылдайды;
  - 2) айырмашылық жойылған жағдайда, ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аударды;
  - 3) эмитентке айырмашылықты жою мүмкін емес болған жағдайда, ақшаны қайтарады.
8. Эмитенттің Орталық депозитарийге мемлекеттік емес облигациялар бойынша өтеу кезінде номиналды құнды немесе сыйақыны, дивидендтерді төлеу кезінде аударған сомасы Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы" атты ішкі құжатына сәйкес ұсынған тізіміндегі мәліметтермен сәйкес келмейді, Орталық депозитарий:
- 1) айырмашылықтың себептерін анықтайды және оны жою жөніндегі шараларды қабылдайды;
  - 2) айырмашылық жойылған жағдайда, ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны аударды;
  - 3) эмитентке айырмашылықты жою мүмкін емес болған жағдайда, ақшаны қайтарады *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.
9. Егер тиісінше өкілеттіктерге ие мемлекеттік органның шешімімен дивидендтерді (сыйақыны) төлеу кезінде және/немесе қаржы құралдары бойынша өтеу (мерзімінен бұрын өтеу) кезінде келіп түсетін ақшаға қандай-да бір шектеулер салынса, Орталық депозитарий аталған шешіммен анықталған іс-әрекетті жүзеге асырады.

**27-4 бап. Екінші деңгейдегі банктерде ашылған ұстаушылардың банктік шоттарына қаржы құралдарын өтеу барысында дивидендтерді, сыйақыны немесе номиналды құнды төлеу барысында ақша аудару тәртібі**

1. Қаржы құралдарын өтеу барысында дивидендтерді, сыйақыларды немесе номиналды құнды төлеу кезінде Орталық депозитарий *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*:
  - 1) тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында екінші деңгейдегі банктерде (Орталық депозитарийде емес) ашылған ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аударды;
  - 2) төлем тапсырмаларын қалыптастырады:

Орталық депозитарийдің ішкі есебінің деректерінің негізінде жасалған ұстаушылардың тізіміне сәйкес (Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу кезінде номиналды құнды немесе сыйақыны төлеу кезінде не Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің

заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын өтеу кезінде номиналды құнды немесе сыйақыны, дивидендтерді төлеу кезінде);

Орталық депозитарийге эмитенттің Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы" атты ішкі құжатына сәйкес ұсынған тізіміне сәйкес (Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын өтеу кезінде номиналды құнды немесе дивидендтерді, сыйақыны төлеу кезінде).

2. Егер Орталық депозитарий төлем тапсырмаларын Орталық депозитарийге эмитенттің Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы" атты ішкі құжатына сәйкес ұсынған тізіміне сәйкес жасаса, ол осы төлем тапсырмаларын *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*:
  - 1) (5 000 000,00 теңгеден аспайтын аударым сомасы барысында) ҚБЕО клирингтік жүйесіне;
  - 2) (5 000 000,00 теңгеден аспайтын аударым сомасы барысында) БААЖ-ға жолдайды.
3. Орталық депозитарий төлем тапсырмасын орындамаған жағдайда, Орталық депозитарий орындалмау себептерін анықтайды және олар жойылған жағдайда, төлем тапсырмаларын қайтадан жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*.
4. Төлем тапсырмасының орындалмау себептерін жою мүмкін болмаған және/немесе егер орындалмау себептері Орталық депозитарийден тәуелсіз сыртқы факторлармен байланысты болған жағдайда, Орталық депозитарий орындалмаған төлем тапсырмасы сомасындағы ақшаны "сыйақыны және өтемді төлеуға арналған сомалар" шотынан есептен шығарады және ақшаны "анықталғанға дейінгі сомалар" шотына есептейді.
5. Бенефициар банк Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасын орындаудан және ұстаушыда тізбеленген ақшаны қайтаруға төлем тапсырмасын алудан бас тарқан жағдайда, Орталық депозитарий бенефициар банктен алынған ақшаны "анықталғанға дейінгі сомалар" шотына есептейді және Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы" ішкі құжатында белгіленген мерзімде эмитентке "анықталғанға дейінгі сомалар" шотына есептелген ақшаны аударады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді)*.

6. Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасы орындалған жағдайда, Орталық депозитарий "сыйақыны және өтемақыны төлеуге арналған сомалар" шотынан орындалған төлем тапсырмасы сомасындағы ақшаны есептен шығарады.

**27-5 бап. Орталық депозитарийдегі ұстаушылардың банктік шоттарына қаржы құралдарын өтеу кезінде дивидендтерді, сыйақыны немесе номиналды құнды төлеу кезіндегі ақша аудару тәртібі**

1. Орталық депозитарийде ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару ұлттық, сондай-ақ шетел валютасында жүзеге асырылуы тиіс.
2. Орталық депозитарий осы ұстаушының қосалқы шотының деректемелерінде көрсетілген ұстаушылардың банктік шоттарына "сыйақыны және өтемді төлеуге арналған сома" шотынан ақша аудару төлем тапсырмасын жасайды.

Төлем тапсырмалары төмендегілерге сәйкес жасалады:

- 1) мемлекеттік бағалы қағаздарды немесе басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарды өтеген кезде сыйақыны немесе номиналды құнды төлеген жағдайда Орталық депозитарийдің ішкі есебінің деректерінің негізінде жасалған ұстаушылар тізіміне;
- 2) мемлекеттік емес облигациялар бойынша өтеу кезінде дивидендтерді, сыйақыны немесе номиналды құнды төлеген жағдайда, Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы" ішкі құжатқа сәйкес эмитент ұсынған тізімге.

**5-тарау. "АНЫҚТАЛҒАНҒА ДЕЙІН СОМАЛАР" ШОТЫНАН АҚШАНЫ ҚАЙТАРУ**

**28-бап. Орталық депозитарийдің ААБЖ позициясына есептелген "анықталғанға дейінгі сомалар" шотынан ақшаны қайтару тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

1. "Анықталғанға дейінгі сомалар" шотына ақшаны есептеген күннен бастап үш күн ішінде Орталық депозитарий Ұлттық Банктегі ақшаны жөнелтуші банктің шотына БААЖ-ға Орталық депозитарийдің позициясынан ақшаны аударуға төлем тапсырмасын БААЖ-ға жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*
2. Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасын орындаудан бас тартқан жағдайда Орталық депозитарий орындалмау себептерін

анықтайды және оларды жойған жағдайда қайтадан оны орындалғанға дейін қайтадан БААЖ-ға төлем тапсырмасын екінші рет жібереді.

3. Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасын орындаған жағдайда Орталық депозитарий "анықталғанға дейінгі сомалар" шотынан ақшаны есептен шығарады.

**29-бап. Қызмет көрсететін банкте Орталық депозитарийдің шотына есептелген "анықталғанға дейінгі сомалар" шотынан ақшаны қайтару тәртібі**

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

1. Осы Қағиданың 12-бабының 4-1 тармағына немесе ақшаны жөнелтушіні бірыңғай сәйкестендіруге мүмкіндік беретін өзге құжаттарға сәйкес жіберілген Орталық депозитарийдің сұратуына қызмет көрсететін банктен жауапты алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей Орталық депозитарий қызмет көрсететін банкке ақшаны жөнелтушінің шотына қызмет көрсететін банктегі Орталық депозитарийдің шотынан ақшаны аударуға S.W.I.F.T.-хабарламаны жасайды және жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімдерімен өзгертілді).*
2. Орталық депозитарийдің S.W.I.F.T.-хабарламасын орындаудан бас тартқан жағдайда Орталық депозитарий орындалмау себептерін анықтайды және оларды жойған жағдайда, қайтадан S.W.I.F.T.-хабарламаны қызмет көрсететін банкке оны орындағанға дейін екінші рет жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*
3. Орталық депозитарийдің S.W.I.F.T.-хабарламасын орындаған жағдайда Орталық депозитарий "анықталғанға дейінгі сомалар" шотынан ақшаны есептен шығарады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

**6-тарау. ШАРТТЫ ЖАСАУ ЖӘНЕ БҰЗУ**

**30-бап. Шартты жасау және оны бұзу туралы жалпы ережелер**

1. Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес құқыққа ие тұлғалармен жасалады.
2. Депозитарлық қызмет көрсету шартын жасаған кезде депонент тиісті Шартты жасауға міндетті.

3. Жасалған Шарт негізінде Орталық депозитарий өтініш берушіге тиісті банктік шот ашады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
4. Орталық депозитарий өтініш берушіден Қазақстан Республикасының коммерциялық, қызметтік және өзге сақталатын заңнама болып табылмайтын қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.
5. Шарт жасау кезінде ұсынылған құжаттарда өзгерістер болған жағдайда, Орталық депозитарийдің клиенттері өзгертілген немесе мемлекеттік тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге өзгертілген құжаттарды беруге міндетті *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
6. Осы Қағиданың 31-бабының 1-тармағына және 32-бабының 1-тармағына, осы баптың 4 және 5-тармақтарына сәйкес берілетін құжаттар Орталық депозитарийге табыс етілетін құжаттардың тізбесі бар ілеспе хатпен жіберіледі *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.
7. Орталық депозитарий клиенттердің өзгертілген құжаттарын ұсынбағаны немесе уақытында ұсынбағаны үшін жауапкершілік көтермейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
8. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде Орталық депозитарийдің клиенттеріне және салық қызметінің тиісті органдарына сәйкестендіру кодтарын көрсетіп, Орталық депозитарий клиенттеріне банктік шоттар ашу/жабу туралы хабарлайды *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
9. Депонент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Ұлттық Банкке Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Ұлттық Банкке Орталық депозитарийдің депоненттің атына корреспонденттік шоттарды ашу туралы хабарламаны жіберуге міндетті.
10. Депонент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Ұлттық Банкке Орталық депозитарийдің аталған корреспонденттік шоттарды жабу күні көрсетілген депоненттің атына ашылған корреспонденттік шоттың жабылуы туралы хабарлауға міндетті.
11. Орталық депозитарий клиенттерінің банктік шоттары туралы ақпарат оны жапқан күннен бастап бес жыл ішінде Орталық депозитарий сақталады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

12. Шарт жасаған кезде өтініш беруші ұсынған құжаттар тігіледі және арнайы жүргізілген істе сақталады. Істен құжаттарды алуға жол берілмейді.

**31-бап. Ағымдық шот шартын жасау тәртібі**

1. Ағымдық шот шартын жасау үшін өтініш беруші осы Қағиданың 3-қосымшасында көрсетілген құжаттарды беруі тиіс.
2. Өтініш беруші осы Қағидамен белгіленген құжаттардың толық тізбесін ұсынған және құжаттар нысаны Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Қағидамен белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Орталық депозитарий ағымдық шот шарты жасалғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей депонентке Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" атты ішкі құжатында көрсетілген ағымдық шот шартын және басқа шарттарды (олар жасалған жағдайда) жасау туралы хабарлама жібереді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2014 жылғы 29 сәуірдегі және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді)*.
3. Өтініш беруші осы Қағидада белгіленген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған немесе құжаттар нысаны Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Қағидамен белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Орталық депозитарий ағымдық шот шартын жасаудан бас тартады және өтініш берушіге ағымдық шот шартын жасау үшін құжаттарды қабылдағаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей тиісінше хабарлама жібереді.
4. Жасалған ағымдық шот шарты негізінде Орталық депозитарий:
  - 1) егер өтініш беруші депонент болған жағдайда, депоненттің атына "жеке ағымдық шот" және "клиенттердің ағымдық шотын";
  - 2) егер өтініш беруші Биржа болған жағдайда, "Биржаның ағымдық шотын" ашады.

*(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2016 жылдың 8 желтоқсанындағы шешімдерімен өзгертілді)*.

**32-бап. Корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шарт жасау тәртібі**

1. Корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартты жасау үшін өтініш беруші осы Қағиданың 6-қосымшасында тізбеленген құжаттарды беруі тиіс.
2. Өтініш беруші осы Қағидамен белгіленген құжаттардың толық тізбесін ұсынған және құжаттар нысаны Қазақстан Республикасы



заңнамасымен және осы Қағидамен белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Орталық депозитарий корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шарт жасалғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей депонентке Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру" атты ішкі құжатында көрсетілген корреспонденттік қатынастарды және басқа шарттарды (олар жасалған жағдайда) белгілеу туралы шартты жасау туралы хабарламаны жібереді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2014 жылғы 29 сәуірдегі шешімдерімен өзгертілді*).

3. Өтініш беруші осы Қағидамен белгіленген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Қағидамен белгіленген талаптарға құжаттар нысаны сәйкес келмеген жағдайда, Орталық депозитарий корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартты жасаудан бас тартады және өтініш берушіге корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартты жасау үшін құжаттарды қабылдағаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей тиісінше хабарламаны жібереді.
4. Корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы жасалған шарттың негізінде Орталық депозитарий өтініш берушінің атына жеке сәйкестендіру кодтарын беріп, "меншікті корреспонденттік шотын" және "клиенттердің корреспонденттік шотын" ашады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді*).

### **33-бап. Шартты бұзу тәртібі**

1. Шартты бұзу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:
  - 1) Орталық депозитарийді банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензиядан айыру;
  - 2) депонентті бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айыру;
  - 2-1) Биржаны қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызметке арналған лицензиядан айыру (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
  - 3) Орталық депозитарийдің және Орталық депозитарий клиентінің келісімі бойынша (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*);
  - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасында немесе Шартта көзделген өзге жағдайларда.
2. Шартты бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген талаптарда және тәртіпте жүзеге асырылады.

3. Шарт бұзылған жағдайда және депоненттің банктік шоттарында ақша болмаған жағдайда, Орталық депозитарий аталған клиенттің барлық банктік шоттарын жабады, бұл туралы ашылған банктік шоттар журналына жазады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
4. Клиенттің банктік шоттары Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген жағдайларды жабылуы мүмкін емес *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

## **7-тарау. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ЕСЕПТІЛІГІ**

### **34-бап. Депонентке есептік құжаттарды ұсыну тәртібі**

1. Депоненттердің банктік шоттары бойынша есептік құжат осы Қағиданың 2-қосымшасымен белгіленген нысан бойынша депоненттің банктік шотынан үзінді көшірме болып табылады (бұдан әрі – үзінді көшірме).
2. Үзінді көшірме депонентке тұрақты немесе бір реттік негізде беріледі.
3. Үзінді көшірме қағаз тасымалдағышта немесе электронды құжат түрінде берілуі мүмкін.
4. Қағаз тасымалдағыштағы үзінді көшірме Регламентпен белгіленген уақытта депоненттің сұратуы бойынша беріледі.
5. Электронды құжат түрінде үзінді көшірме Регламентпен белгіленген уақыт кезінде автоматты режимде беріледі.
6. Үзінді көшірмеде қателер (айырмашылықтар) анықталған жағдайда, депонент үзінді көшірмені алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге бірлесіп осы қатенің (айырмашылықтың) туындау себептерін анықтау және жою мақсатында жүгінуге міндетті.
7. Депонентке үзінді көшірмені беру тәртібі Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.

## 8-тарау. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ҚЫЗМЕТІН ТӨЛЕУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 35-бап. Орталық депозитарийдің қызмет ақысын төлеу тәртібі

Орталық депозитарий клиенттерінің банктік шоттарындағы ақшаға байланысты Орталық депозитарийдің шығыстарын өтеу және қызмет ақысын төлеу тәртібі Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы қағида" деген ішкі құжатымен белгіленеді.

*(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді).*

### 36-бап. Қорытынды ережелер

1. Реттеу тәртібі осы Қағидамен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат етілуге жатады.
2. Егер осы Қағида Қазақстан Республикасы заңнамасына қарама-қайшы келген жағдайда, онда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.
3. Орталық депозитарий қызмет көрсететін банкпен өзара іс-әрекет жасаған және осы Қағиданың қызмет көрсететін банктің қағидасына қарама-қайшы келген жағдайда, қызмет көрсететін банктің қағидасы қолданылады.
4. Орталық депозитарий қызмет көрсететін банкпен өзара іс-әрекет жасаған және осы Қағиданың қызмет көрсететін банк іс-әрекет ететін ел заңнамасына қарама-қайшы келген жағдайда, осы ел заңнамасының нормалары қолданылады.
5. Осы Қағида күшіне енгенге дейін қолданылған Ағымдарды шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидасына немесе Корреспонденттік шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидасына сәйкес шарттарды Орталық депозитариймен жасаған депоненттер үшін жоғарыда аталған шарттар тиісінше осы Қағиданың 5 немесе 8-қосымшаларына сәйкес жазылған жаңа редакцияда қайта жасалған болып саналады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*



Банк операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыру қағидасына  
**2-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 2 қарашадағы және 2013 жылғы 17 мамырдағы, 2017 жылғы 8 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 мамырдағы шешімдерімен өзгертілді).*

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-дағы клиенттің банктік шотынан**

## **Ү З І Н Д І К Ө Ш І Р М Е**

**(БИК – CEDUKZKA)**

Үзінді көшірме берілетін көшірме

№ \_\_\_\_\_  
(үзінді көшірменің шығыс нөмірі)

\_\_\_\_\_ (үзінді көшірмені жасау күні мен уақыты)

Клиенттің атауы: [Клиенттің атауы].

Клиенттің банктік шоты: [ЖСК], [клиенттің банктік шотының түрі].

Клиент БСН: [клиент БСН].

**Валютаның түрі: Қазақстан теңгесі**

\_\_\_\_\_ (шот бойынша соңғы қозғалыстың күні)

Кіріс қалдығы: [кіріс қалдығының сомасы].

Уақыты	жөнелтушінің/бенефициардың атауы	жөнелтушінің/бенефициардың ЖСК	жөнелтушінің/ бенефициардың ЖСН/БСН	жөнелтушінің/ бенефициардың банкі	алушы банктің БСК/ бенефициар банкі	Дебет	Кредит	Сомасы	Төлемнің мақсаты

Бір күнгі айналымдар жиынтығы:

Шығыс қалдығы: [шығыс қалдығының сомасы].

Тыйым салынған ақша сомасы: [тыйым салынған ақшас сомасы].

Есеп айырысуға сома: [есеп айырысуға сома].

**Валюта түрі:** \_\_\_\_\_<sup>1</sup>

\_\_\_\_\_  
(шот бойынша соңғы қозғалыс күні)

Кіріс қалдығы: [кіріс қалдығының сомасы].

---

<sup>1</sup> Шетел валютасының әрбір түрі бойынша жеке.

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарий" АҚ Қағидалар жинағы:  
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасы**

---

---

Уақыты	Жөнелтушінің/ бенефициардың атауы	Жөнелтушінің/ бенефициардың ЖСК	Жөнелтушінің/ Бенефициардың ЖСН/БСН	Жөнелтушінің/ бенефициардың банкі	Алушы банкін/ бенефициар банкін БСК	Дебет	Кредит	Сомасы	Төлемнің мақсаты

Бір күнге айналым жиынтығы:

Шығыс қалдығы: [шығыс қалдығының сомасы].

Тыйым салынған ақша сомасы: [тыйым салынған ақша сомасы].

Есеп айырысуларға сома: [есеп айырысуларға сома].

Есеп айырысу палатасының бастығы:

Орындаушы:

**М.О.**

Банк операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыру қағидасына

**3-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді және толықтырылды).*

**Ағымдық шот шартын жасау үшін**

**ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

№ р/с	Атауы
<b>Резидент үшін</b>	
1.	Ағымдық шот шартын жасауға өтініш (осы Қағидаға 4-қосымша)
2.	Қажет жағдайда S.W.I.F.T. жүйесі бойынша "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен құжаттар алмасу туралы өтініш (Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасына 1-қосымша)
2-1.	Қажет жағдайда Электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен құжат айналымы туралы өтініш (Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасына 2-қосымша) <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)</i>
2-2.	Биржаға осы Қағиданың 7-1-қосымшасындағы нысан бойынша ағымдық шоттардағы ақша туралы ақпаратты ұсынуға келісім-хат (тек егер өтініш беруші депонент болған жағдайда және өтініш берушінің Биржаның саудасаттығына қатысу ниеті болған жағдайда) <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді)</i>
3.	Қол қою үлгілері (олардың түпнұсқалығы нотариалды куәландырылғанда немесе карточкаға енгізген тұлғаның жеке қатысуымен Орталық депозитарийдің уәкілетті тұлғасы растаған) және мөр <sup>1</sup> бедері бар карточка – 2 дана <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)</i>
4.	<i>(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды)</i>
5.	<i>(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды)</i>
6.	<i>(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды)</i>

<sup>1</sup> Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтына ([www.kacd.kz](http://www.kacd.kz)) осындай құжаттар түрінің электронды файлдарын орналастырады *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*



<b>№ р/с</b>	<b>Атауы</b>
7.	<i>(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды)</i>
8.	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер үшін – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің рұқсаты
9.	Орталық депозитарийге төлем мен басқа құжаттарды беруге және Орталық депозитарийде есептік және басқа құжаттарды алуға құқығы бар уәкілетті тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат
10.	Орталық депозитарийде депоненттің қол қою үлгілері мен мөр бедері бар карточкаға сәйкес депоненттің ағымдық шоттарын жүргізумен (депоненттің ағымдық шоттарындағы ақшаға билік етумен) байланысты операцияларды жасаған кезде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (тардың) көшірмесі (лері)
<b>Резидент емес үшін</b>	
1.	Ағымдық шоттың шартын жасау өтініші (осы Қағидасына 4-қосымша)
2.	Қажет жағдайда S.W.I.F.T. жүйесі бойынша "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен құжаттарды айырбастау туралы өтініш (Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасына 1-қосымша)
2-1.	Қажет жағдайда Электронды құжат айналымы жүйесі арқылы "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен құжаттарды айырбастау туралы өтініш (Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасына 2-қосымша)
2-2.	Осы Қағиданың 7-1-қосымшасындағы нысан бойынша ағымдық шоттардағы ақша туралы ақпаратты Биржаға ұсынуға келісім-хат (депоненттің Биржаның сауда-саттығына қатысуға ниеті болған жағдайда ғана) <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)</i>
3.	Қол қою үлгілері (олардың түпнұсқалығы нотариалды куәландырылғанда немесе карточкаға енгізген тұлғаның жеке қатысуымен Орталық депозитарийдің уәкілетті тұлғасы растаған) және мөр бедері бар карточка <sup>1</sup> – 2 дана <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы және 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді)</i>

<sup>1</sup> Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтына ([www.kacd.kz](http://www.kacd.kz)) осындай құжаттар түрінің электронды файлдарын орналастырады *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*

№ р/с	Атауы
4.	Қазақстан Республикасында депоненттің тіркелгенін есепке қою фактісін растайтын салық қызметінің органы берген құжаттың көшірмесі, резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін – оларды Қазақстан Республикасында тіркеу орны бойынша (егер осы клиент Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркелуі тиіс) <sup>1</sup>
5.	Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктері үшін – мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесі, сондай-ақ филиалдың немесе өкілдіктің басшысына Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасы берген сенімхаттың көшірмесі және тиісінше филиал немесе өкілдік туралы ереженің мемлекеттік және/немесе орыс тілінде орындалған және нотариатпен куәландырылған көшірмесі
6.	Белгіленген тәртіппен мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармамен расталған және қажеттілік болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе қатысушыларының бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес заңдастырылған не апостильденген, сауда-саттық тізілімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы немесе нотариалдық расталған көшірмесі не Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасын тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркеу күні мен орны туралы ақпаратты қамтитын басқа да ұқсас құжат
7.	Орталық депозитарийде депоненттің қол қою үлгілері мен мөр бедері бар карточкаға сәйкес депоненттің ағымдық шоттарын жүргізумен (депоненттің ағымдық шоттарындағы ақшаға иелік етумен) байланысты операциялар жасалатын кезде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (тардың) көшірмесі (лері)

---

<sup>1</sup> Осы құжат ағымдық шот шарты жасалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде беріледі.

Банк операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыру қағидасына  
**4-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен  
ағымдық шот шартын жасауға**

**Ө Т І Н І Ш**

бұдан әрі "Депонент" деп аталып ( \_\_\_\_\_ ),  
(заңды тұлғаның тіркелуін растайтын құжатты берген органның атауы, нөмірі, берген күні)

\_\_\_\_\_ арқылы,  
\_\_\_\_\_ негізінде іс-әрекет ететін,  
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ мынадай: "меншікті ағымдық шот",  
"клиенттердің корреспонденттік шоты" атты ағымдық шоттарды ашуды сұрайды және  
келесіні мәлімдейді:

шартты жасасады және ағымдық шот шартымен белгіленген талаптарды орындауға міндеттенеді ("Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіретін Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасына 5-қосымша);	_____ (уәкілетті тұлғаның қойған қолы)
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағымен танысты, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағының талаптарын орындауға міндеттенеді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына соңынан енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;	_____ (уәкілетті тұлғаның қойған қолы)
Төменде көрсетілген валютада <sup>1</sup> төленуге берілетін шоттарға сәйкес "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ шығыстарын өтеуге және қызметін төлеуге міндеттенеді (қажетін белгілеңіз).	_____ (уәкілетті тұлғаның қойған қолы)
<input type="checkbox"/> KZT <input type="checkbox"/> EUR <input type="checkbox"/> USD	

Депоненттің заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_

Депоненттің банктік  
деректемелері: \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және қойған қолы)

<sup>1</sup> Резидент емес депонент толтырады.

Банк операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыру қағидасына

**5-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

**Ағымдық шот**

**Ш А Р Т Ы**

**(стандартты нысан)**

Осы шарт (бұдан әрі – Шарт) қосылу шарты болып табылады және Орталық депозитарийде Депонентке оның ағымдық шоттарын ашу, жүргізу және жабу қызметін көрсету барысында "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) мен Орталық депозитарий депоненті (бұдан әрі – Депонент) арасындағы қатынастарды реттейді.

**1-бөлім. ШАРТ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ**

- 1.1. Шарттың талаптарын, сондай-ақ Шартқа бұдан кейінгі енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды Орталық депозитарий анықтайды және оны Депонент жалпы Шартқа Депонентті қосу арқылы ғана қабылдауы мүмкін.
- 1.2. Депоненттің Шартқа қосылуы Депоненттің Орталық депозитарийге "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіретін Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасына (бұдан әрі – Қағида) 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалған өтінішті, сондай-ақ тізбесі Қағидаға 3-қосымшада белгіленген құжаттарды тапсыруы арқылы жүзеге асырылады.
- 1.3. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен Шартқа өзгерістер енгізуге құқылы.
- 1.4. Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында Депонент Орталық депозитарийдің хабарламасын алғаннан кейін танысуы тиіс Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды орналастырады.
- 1.5. Депонент Шартқа енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен келіспеген жағдайда Шартты бұзуға құқылы.

## 2-бөлім. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1 Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасымен, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағында (бұдан әрі-Қағидалар жинағы) және Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда Депонентке оның мынадай ағымдық шоттарын: "меншікті ағымдық шотты", "клиенттердің ағымдық шотын" (бұдан әрі - Шот) ашу, жүргізу және жабу жөніндегі қызметті жүзеге асырады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді)*.
- 2.1-1. Депонент Орталық депозитарийге Қағидалар жинағымен белгіленген жағдайда және тәртіппен Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шоттарындағы ақшаны алуды тапсырады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді)*.
- 2.2. Депонент Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы қағида" (бұдан әрі – Тарифтер) деген ішкі құжатымен белгіленген тәртіппен және мерзімде Орталық депозитарийдің қызметін төлейді және шығыстарын өтейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2014 жылғы 29 сәуірдегі шешімдерімен өзгертілді)*.

## 3-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 3.1. Орталық депозитарийдің мыналарға құқығы бар:
- 1) Шоттар бойынша операцияларды жүргізген кезде бұған қажет Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағында көзделген құжаттарды талап етуге;
  - 2) Депонентпен электронды құжаттар алмасу үшін деректерді берудің электронды жүйесін анықтауға;
  - 3) Қағидалар жинағымен белгіленген жағдайларда және тәртіппен Орталық депозитарийдегі клиенттің банктік шоттарындағы ақшаны алуға *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)*;
  - 4) Орталық депозитарийдің жыл сайынғы қаржылық аудитін жүзеге асыратын аудиторлық компанияға Депонент Шоттарындағы ақшаның барлығы мен қозғалысы туралы ақпаратты, сондай-ақ Орталық депозитарийдің жыл сайынғы қаржылық аудитіне қажет өзге ақпаратты ұсынуға;
  - 5) Депонент Орталық депозитарийге шағымдарды/талаптарды қойған жағдайда тиісінше заң қызметтерін беретін үшінші тұлғаларға (бұдан әрі – консультанттар) Депонентпен дау-дамай қатынастары бойынша консультациялар, қорытындылар алуға жүгінуге; бұл ретте Орталық депозитарий консультанттарға шағымдарды/талаптарды қарау үшін қажет Депонент және оның атына Орталық депозитарийде ашылған Шоттар туралы кез келген ақпаратты, соның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпаратты беруге құқылы;

- б) таратумен немесе қайта құрумен байланысты Шоттарды жабу жағдайларын қоспағанда, Депонентте орындалмаған талаптар болған жағдайда Шоттарды жабудан Депонентке бас тартуға.

3.2. Депонент мыналарға құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен көзделген шектеулерді ескеріп, Шоттардағы ақшамен жеке иелік етуге;
- 2) Орталық депозитарийге нұсқауларды Шоттардағы ақша сомасы шегінде және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Операциялық регламентпен белгіленген мерзімде ұсынуға;
- 3) Шоттардан үзінді көшірмені Орталық депозитарийден алуға.

#### 4-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Орталық депозитарий мыналарға міндетті:

- 1) Депонент тізбесі Қағиданың 3-қосымшасында белгіленген құжаттарды ұсынған кезде Шарттың 2-бөлімінің 2.1-тармағында көрсетілген Шотты Депонентке ашуға (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді*);
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген валюталық бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыруға;
- 3) Депоненттің Шоттары бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қағидалар жинағына және Шартқа сәйкес қатаң жүзеге асыруға;
- 4) Депонент Орталық депозитарийдің көрсетілген қызметті төлеуге және Орталық депозитарий шығыстарын өтеуге берген шоттарды Тарифтермен белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, Шоттар бойынша операцияларды жүргізуге берген Депоненттің өкімін орындамауға;
- 5) Депоненттің атауын өзгерткен, ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерткен, мөрді жоғалтқан немесе мөр тозған жағдайда, Депонентке жаңа мөр дайындау үшін бес жұмыс күнін беруге; мөрді дайындау кезеңінде Депоненттің жазбаша өтініші негізінде оларда Депонент мөрінің бедері жоқ Депонент нұсқауларының негізінде Шоттар бойынша операцияларды жүзеге асыруға (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді*);
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Депонентке Қағидалар жинағына енгізілетін барлық өзгерістер туралы хабарлауға;
- 7) Орталық депозитарийдің атауы, банктік, почталық деректемелері, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, бұл туралы кешіктірмей (жойылмайтын немесе қиын жойылатын салдарлар басталғанға дейін) Депонентке хабарлауға;

- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидалар жинағында және Шартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, Депонент Шоттарындағы ақша және оның қозғалысы туралы ақпаратты жарияламауға;
  - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидалар жинағында және Шартта көзделген жағдайларда Шотты жабуға.
- 4.2. Депонент міндетті:
- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалар жинағының талаптарын сақтауға;
  - 2) Орталық депозитарий жазған шотты Тарифтерде көзделген тәртіппен және мерзімде төлеуге.
- 4.3. Тараптар міндетті:
- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалар жинағының талаптарын сақтауға;
  - 2) Депоненттің Шоттары бойынша жүргізілген операцияларды тексеруді жүзеге асыру нәтижесінде анықталған қателер (айырмашылықтар) табылған жағдайда, қатені (айырмашылықты) анықтаған Тарап қателер (айырмашылықтар) анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде басқа Тарапқа бірлесіп осы қатенің (айырмашылықтың) туындау себептерін анықтау және жою мақсатында жүгінуге міндетті;
  - 3) осы Шартпен реттелетін қатынастарды орнату үшін болуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру/айыру туралы уәкілетті органның тиісінше хабарламасын алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бір-біріне хабарлауға.

## **5-бөлім. ҚҰЖАТТАР АЛМАСУ ТӘРТІБІ**

- 5.1. Депонент пен Орталық депозитарий арасындағы құжаттар алмасу тәртібі Қағидалар жинағында белгіленеді.

## **6-бөлім. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

- 6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптар егер Шартта өзге ештеңе қарастырылмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 6.2. Тараптар егер Шартта өзге ештеңе белгіленбесе, бір-біріне Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан келтірілген нақты шығын мөлшерінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзара жауапкершілік көтереді.
- 6.3. Депоненттің нұсқауларын орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін Депоненттің Шотында жеткілікті ақша сомасы болған жағдайда және Депонент нұсқауларын тоқтата тұру немесе орындаудан бас тарту үшін Қазақстан

- Республикасы заңнамасымен көзделген негіздемелер болмаған жағдайда, Орталық депозитарий Депонентке Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық валютадағы орындалмаған операция сомасынан есептелетін немесе шетел валютасында үш айлық LIBOR-дың екі ставкасы мөлшерінде мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін төлем күніне белгіленген қайта қаржыландырудың 1,5 ресми ставкасы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.
- 6.4. Орталық депозитарий Депоненттен алған құжаттардың мазмұнына және ресімделгеніне жауапкершілік көтермейді.
  - 6.5. Орталық депозитарий үшінші тұлғалар кінәсінен Депонентке келтірілген зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
  - 6.6. Орталық депозитарий уәкілетті органның тиісті құжаттары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған Депоненттің Шотындағы ақшаға тыйым салу және/немесе шоттар бойынша операцияларды тоқтата тұру нәтижесінде Депонентке келтірілген шығындар үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың Депонент Шотынан ақшаны есептен шығару нәтижесінде Депонентке келтірілген шығындар үшін жауапкершілік көтермейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді)*.
  - 6.7. Орталық депозитарий егер Депоненттің нұсқауында көрсетілген аударым сомасы Шоттағы ақша сомасынан асып түсетін болса, Депоненттің Шоттан ақшаны аударуға берген нұсқауын орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.
  - 6.8. Депонент рұқсат бермеген өкімді Орталық депозитарийдің орындауы туралы Орталық депозитарийді уақтылы хабарлағаны үшін Депонент Орталық депозитарий шеккен нақты шығындарды өтейді.
  - 6.9. Орталық депозитарий берген шоттарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін Депонент Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төленбеген сомадан есептелетін мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін ақы төлеу күніне белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 ресми мөлшерлемесі мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

## **7-бөлім. ФОРС-МАЖОР**

- 7.1. Тараптар еңсерілмейтін күштің (форс-мажор) басталуы салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін бір-бірінің алдында жауапкершілік көтермейді. Тосын жағдайларға жер сілкінісі, су тасқыны, сел, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокада, уәкілетті мемлекеттік органдардың, соның ішінде шет мемлекет органдарының шешімдері, сондай-ақ Тараптарға қатысы жоқ себептермен туындауы ықтимал Шарттың орындалуына кедергі келтіретін жағдайлар жатады.
- 7.2. Тараптар тосын жағдайлардың басталғаны туралы бір-біріне міндеттемелерді орындауға ықпал ететін кедергі мен оның салдары Тараптардың біріне мәлім болған кезде хабарлауға міндеттенеді. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау осындай жағдайлар орын алған кезеңде тоқтатылады. Төтенше жағдайлардың басталу фактісі тиісінше құжаттармен расталуы тиіс.



- 7.3. Еңсерілмейтін күш тоқтаған кезде Тараптар Шарт бойынша алған міндеттемелерін тиісінше орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Егер тосын жағдайлар үш айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты өзара келісім бойынша бұзуға құқылы.

### **8-бөлім. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

- 8.1. Шарт Орталық депозитарийдің Депонентке берген Шартты жасау туралы хабарламасында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және Қағидалар жинағында және/немесе Шартта белгіленген жағдайда өзінің қолданылуын тоқтатады.
- 8.2. Шарт бұзу туралы келісімге қол қою сәтінде өзара шағым-талаптар болмаған кезде Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағында және Шартта белгіленген өзге жағдайларда ғана бұзылуы мүмкін.
- 8.3. Тараптардың әрқайсысы Шартты бұзу болжанған күнге дейін 30 күн бұрын басқа Тарапқа бұл туралы жазбаша хабарлап және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген талаптардың сақталуын ескеріп, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
- 8.4. Шартты тоқтату қолданылу мерзімі тоқтатылғанға дейін Тараптарды Шарт талаптарына сәйкес туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
- 8.5. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*

### **9-бөлім. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

- 9.1. Тараптар Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда бір-бірінің мүдделерін ескеріп соттан тыс тәртіппен дауларды реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді.
- 9.2. Тараптар өзара келісімге келмеген жағдайда, дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешеді.

### **10-бөлім. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

- 10.1. Орталық депозитарийдің заңды мекенжайы және деректемелері Орталық депозитарийдің интернет-сайтында жарияланады.

Банк операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыру қағидасына

**5-1 қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді).*

**АҒЫМДЫҚ ШОТ**

**Ш А Р Т Ы**

Осы шарт (бұдан әрі – Шарт) қосылу шарты болып табылады және Орталық депозитарийдің Биржаға клирингтік ұйымның ағымдағы шотын ашу, жүргізу және жабу қызметін көрсету барысында "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) мен "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) арасындағы қатынастарды реттейді.

**1-бөлім. ШАРТ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ**

- 1.1. Шарттың талаптарын, сондай-ақ Шартқа бұдан кейінгі енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды Орталық депозитарий анықтайды және оны Биржа жалпы Шартқа Биржаны қосу арқылы ғана қабылдауы мүмкін.
- 1.2. Биржаның Шартқа қосылуы Биржаның Орталық депозитарийге "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіретін Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасына (бұдан әрі – Қағида) 4-1 қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалған өтінішті, сондай-ақ тізбесі Қағидаға 3-қосымшада белгіленген құжаттарды тапсыруы арқылы жүзеге асырылады.
- 1.3. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен Шартқа өзгерістер енгізуге құқылы.
- 1.4. Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында Биржа Орталық депозитарийдің хабарламасын алғаннан кейін танысуы тиіс Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды орналастырады.
- 1.5. Биржа Шартқа енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен келіспеген жағдайда, Шартты бұзуға құқылы.

**2-бөлім. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

- 2.1 Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасымен, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағында (бұдан әрі-Қағидалар жинағы) және Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда Биржаға Биржаның

ағымдық шотын (бұдан әрі - Шот) ашу, жүргізу және жабу жөніндегі қызмет көрсетеді.

- 2.2. Биржа Орталық депозитарийге Қағидалар жинағымен белгіленген жағдайда және тәртіппен Орталық депозитарийдегі Биржаның банктік шоттарында есептелетін ақшаны алуды тапсырады.
- 2.3. Биржа Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы қағида" (бұдан әрі – Тарифтер) деген ішкі құжатымен белгіленген тәртіппен және мерзімде Орталық депозитарийдің қызметін төлейді және шығыстарын өтейді.

### **3-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

#### 3.1. Орталық депозитарий мыналарға құқылы:

- 1) шоттар бойынша операцияларды жүргізген кезде бұған қажет Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағында көзделген құжаттарды талап етуге;
- 2) клирингтік ұйымдармен электронды құжаттар алмасу үшін деректерді берудің электронды жүйесін анықтауға;
- 3) Қағидалар жинағымен белгіленген жағдайларда және тәртіппен шотта есептелетін ақшаны алуға;
- 4) Орталық депозитарийдің жыл сайынғы қаржылық аудитін жүзеге асыратын аудиторлық компанияға шоттағы ақшаның барлығы мен қозғалысы туралы ақпаратты, сондай-ақ Орталық депозитарийдің жыл сайынғы қаржылық аудитіне қажет өзге ақпаратты ұсынуға;
- 5) Биржа Орталық депозитарийге шағымдарды/талаптарды қойған жағдайда, тиісінше заң қызметтерін беретін үшінші тұлғаларға (бұдан әрі – консультанттар) Биржамен дау-дамай қатынастары бойынша консультациялар, қорытындылар алуға жүгінуге; бұл ретте Орталық депозитарий консультанттарға шағымдарды/талаптарды қарау үшін қажет Биржа және оның атына ашылған шоттар туралы кез келген ақпаратты, оның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпаратты беруге құқылы;
- 6) таратумен немесе қайта құрумен байланысты Шоттарды жабу жағдайларын қоспағанда, Биржада орындалмаған талаптар болған жағдайда, шоттарды жабудан Биржаға бас тартуға.

#### 3.2. Биржа мыналарға құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен көзделген шектеулерді ескеріп, шоттардағы ақшамен жеке иелік етуге;
- 2) Орталық депозитарийге нұсқауларды шоттардағы ақша сомасы шегінде және Орталық депозитарийдің "Операциялық регламенті" ішкі құжатында белгіленген мерзімде тапсырмалар ұсынуға.

#### 4-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

##### 4.1. Орталық депозитарий мыналарға міндетті:

- 1) Биржа тізбесі Қағиданың 3-қосымшасында белгіленген құжаттарды ұсынған кезде Биржаға Шарттың 2-бөлімінің 2.1-тармағында көрсетілген шотты ашуға;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген валюталық бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыруға;
- 3) Биржаның шоты бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қағидалар жинағына және Шартқа қатаң сәйкес жүзеге асыруға;
- 4) Биржа Орталық депозитарийдің көрсетілген қызметті төлеуге және Орталық депозитарий шығыстарын өтеуге берген шоттарды Тарифтермен белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, шоттар бойынша операцияларды жүргізуге берген Биржаның өкімін орындамауға;
- 5) Биржаның атауын өзгерткен, ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерткен, мөрді жоғалтқан немесе мөр тозған жағдайда, Биржаға жаңа мөр дайындау үшін бес жұмыс күнін беруге; мөрді дайындау кезеңінде Биржаның жазбаша өтініші негізінде оларда Биржа мөрінің бедері жоқ Биржа нұсқауларының негізінде шоттар бойынша операцияларды жүзеге асыруға (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді*);
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде Биржаға Қағидалар жинағына енгізілетін барлық өзгерістер туралы хабарлауға;
- 7) Орталық депозитарийдің атауы, банктік, почталық деректемелері, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, бұл туралы кешіктірмей Биржаға (жойылмайтын немесе қиын жойылатын салдарлар басталғанға дейін) хабарлауға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидалар жинағында және Шартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, Биржа шотындағы ақша және оның қозғалысы туралы ақпаратты жарияламауға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидалар жинағында және Шартта көзделген жағдайларда Биржаның шотын жабуға.

##### 4.2. Биржа міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалар жинағының талаптарын сақтауға;
- 2) Орталық депозитарий жазған шотты Тарифтерде көзделген тәртіппен және мерзімде төлеуге.

##### 4.3. Тараптар міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалар жинағының талаптарын сақтауға;

- 2) Биржаның шоты бойынша жүргізілген операцияларды тексеруді жүзеге асыру нәтижесінде анықталған қателер (айырмашылықтар) табылған жағдайда, қатені (айырмашылықты) анықтаған Тарап қателер (айырмашылықтар) анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде басқа Тарапқа бірлесіп осы қатенің (айырмашылықтың) туындау себептерін анықтау және жою мақсатында жүгінуге міндетті;
- 3) осы Шартпен реттелетін қатынастарды орнату үшін болуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру/айыру туралы уәкілетті органның тиісінше хабарламасын алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бір-біріне хабарлауға.

### **5-бөлім. ҚҰЖАТТАР АЛМАСУ ТӘРТІБІ**

- 5.1. Биржа мен Орталық депозитарий арасындағы құжаттар алмасу тәртібі Қағидалар жинағында белгіленеді.

### **6-бөлім. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

- 6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптар егер Шартта өзге ештеңе қарастырылмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 6.2. Тараптар егер Шартта өзге ештеңе белгіленбесе, бір-біріне Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан келтірілген нақты шығын мөлшерінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзара жауапкершілік көтереді.
- 6.3. Биржаның бұйрықтарын орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін Биржаның шотында жеткілікті ақша сомасы болған жағдайда және Биржаның бұйрықтарын тоқтата тұру немесе орындаудан бас тарту үшін Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген негіздемелер болмаған жағдайда, Орталық депозитарий Биржаға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық валютадағы орындалмаған операция сомасынан есептелетін немесе шетел валютасында үш айлық LIBOR-дың екі ставкасы мөлшерінде мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін төлем күніне белгіленген қайта қаржыландырудың 1,5 ресми ставкасы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.
- 6.4. Орталық депозитарий Биржадан алған құжаттардың мазмұнына және ресімделгеніне жауапкершілік көтермейді.
- 6.5. Орталық депозитарий үшінші тұлғалар кінәсінен Биржаға келтірілген зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- 6.6. Орталық депозитарий уәкілетті органның тиісті құжаттары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған Биржаның шотындағы ақшаға тыйым салу және/немесе шоттар бойынша операцияларды тоқтата тұру нәтижесінде Биржаға келтірілген шығындар үшін, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың Биржа шотынан ақшаны есептен шығару нәтижесінде Биржаға келтірілген шығындар үшін жауапкершілік көтермейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді)*.

- 6.7. Орталық депозитарий егер Биржаның бұйрығында көрсетілген аударым сомасы шоттағы ақша сомасынан асып түсетін болса, Биржаның шоттан ақшаны аударуға берген бұйрығын орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.
- 6.8. Биржа рұқсат бермеген өкімді Орталық депозитарийдің орындауы туралы Орталық депозитарийге уақытында хабарламағаны үшін Биржа Орталық депозитарийге келтірілген нақты шығындарды өтейді.
- 6.9. Орталық депозитарий берген шоттарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін Биржа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төленбеген сомадан есептелетін мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін ақы төлеу күніне белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 ресми мөлшерлемесі мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

### **7-бөлім. ФОРС-МАЖОР**

- 7.1. Тараптар еңсерілмейтін күштің (форс-мажор) басталуы салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін бір-бірінің алдында жауапкершілік көтермейді. Тосын жағдайларға жер сілкінісі, су тасқыны, сел, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокада, уәкілетті мемлекеттік органдардың, соның ішінде шет мемлекет органдарының шешімдері, сондай-ақ Тараптарға қатысы жоқ себептермен туындауы ықтимал Шарттың орындалуына кедергі келтіретін жағдайлар жатады.
- 7.2. Тараптар тосын жағдайлардың басталғаны туралы бір-біріне міндеттемелерді орындауға ықпал ететін кедергі мен оның салдары Тараптардың біріне мәлім болған кезде хабарлауға міндеттенеді. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау осындай жағдайлар орын алған кезеңде тоқтатылады. Төтенше жағдайлардың басталу фактісі тиісінше құжаттармен расталуы тиіс.
- 7.3. Еңсерілмейтін күш тоқтаған кезде Тараптар Шарт бойынша алған міндеттемелерін тиісінше орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Егер тосын жағдайлар үш айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты өзара келісім бойынша бұзуға құқылы.

### **8-бөлім. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

- 8.1. Шарт Орталық депозитарийдің Депоментке берген Шартты жасау туралы хабарламасында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және Қағидалар жинағында және/немесе Шартта белгіленген жағдайда өзінің қолданылуын тоқтатады.
- 8.2. Шарт бұзу туралы келісімге қол қою сәтінде өзара шағым-талаптар болмаған кезде Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы

заңнамасымен, Қағидалар жинағында және Шартта белгіленген өзге жағдайларда ғана бұзылуы мүмкін.

- 8.3. Тараптардың әрқайсысы Шартты бұзу болжанған күнге дейін 30 күн бұрын басқа Тарапқа бұл туралы жазбаша хабарлап және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағында белгіленген талаптардың сақталуын ескеріп, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
- 8.4. Шартты тоқтату қолданылу мерзімі тоқтатылғанға дейін Тараптарды Шарт талаптарына сәйкес туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

### **9-бөлім. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

- 9.1. Тараптар Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда бір-бірінің мүдделерін ескеріп соттан тыс тәртіппен дауларды реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді.
- 9.2. Тараптар өзара келісімге келмеген жағдайда, дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешеді.

### **10-бөлім. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

- 10.1. Орталық депозитарийдің заңды мекенжайы және деректемелері Орталық депозитарийдің интернет-сайтында жарияланады.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасына

**6-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді және толықтырылды).*

**Корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартты жасау үшін**

**ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

№ р/с	Атауы
<b>Резидент үшін</b>	
1.	Корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартты жасауға өтініш (осы Қағидаға 7-қосымша)
2.	Қажет кезде S.W.I.F.T. жүйесі бойынша "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен құжаттармен айырбастау туралы өтініш (Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасына 1-қосымша)
2-1.	Электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен құжаттармен айырбастау туралы өтініш (Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасына 1-қосымша)
2-2.	Осы Қағиданың 7-1 қосымшасындағы нысан бойынша корреспонденттік шоттардағы ақша туралы ақпаратты Биржаға ұсынуға келісім хат (депоненттің Биржаның сауда-саттыққа қатысуға ниеті болған жағдайда ғана) <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)</i>
3.	Банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияның нотариатпен куәландырған көшірмесі (банктер үшін) немесе аударым операцияларын жүргізуге берілген лицензияның нотариалдық куәландырған көшірмесі (банктік емес ұйымдар үшін)
4.	Қол қою үлгілері (түпнұсқалығы нотариатлық куәландырылған немесе карточкаға енгізілген тұлғаның жеке қатысуымен Орталық депозитарийдің уәкілетті тұлғасы ырастасқан) және мөр бедері бар карточка <sup>1</sup> – 2 дана <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)</i>
5.	<i>(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды)</i>
6.	<i>(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды)</i>

<sup>1</sup> Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында ([www.kacd.kz](http://www.kacd.kz)) осындай құжаттардың электрондық файлдарын орналастырады *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*



№ р/с	Атауы
7.	<i>(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды)</i>
8.	<i>(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен алынып тасталды)</i>
9.	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер үшін – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің рұқсаты
10.	Орталық депозитарийге төлем мен басқа құжаттарды беруге және Орталық депозитарийде есептік және басқа құжаттарды алуға құқығы бар уәкілетті тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат
11.	Орталық депозитарийде депоненттің қол қою үлгілері мен мөр бедері бар карточкаға сәйкес депоненттің ағымдық шоттарын жүргізумен (депоненттің ағымдық шоттарындағы ақшаға билік етумен) байланысты операцияларды жасаған кезде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (тардың) көшірмесі (лері)
<b>Резидент емес үшін</b>	
1.	Корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартты жасауға өтініш (осы Қағидаға 7-қосымша)
2.	Қажет кезде S.W.I.F.T. жүйесі бойынша "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен құжаттарды айырбастау туралы өтініш (Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасына 1-қосымша)
2-1.	Қажет кезде Электронды құжат айналымы жүйесі арқылы "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен құжаттарды айырбастау туралы өтініш (Қағидалар жинағына кіретін Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасына 2-қосымша)
2-2.	Осы Қағиданың 7-1 қосымшасындағы нысан бойынша корреспонденттік шоттардағы ақша туралы ақпаратты Биржаға ұсынуға келісім-хат (депоненттің Биржаның сауда-саттыққа қатысуға ниеті болған жағдайда ғана) <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді)</i>
3.	Қол қою үлгілері (түпнұсқалығы нотариалдық куәландырылған) және мөр бедері бар карточка <sup>1</sup> – 2 дана
4.	Қазақстан Республикасында депоненттің тіркелгенін есепке қою фактісін растайтын салық қызметінің органы берген құжаттың көшірмесі, резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін – оларды Қазақстан Республикасында тіркеу орны бойынша (егер осы клиент Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркелуі тиіс)

<sup>1</sup> Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында ([www.kacd.kz](http://www.kacd.kz)) осындай құжаттардың электронды файлдарының нысандарын орналастырады *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

<b>№ р/с</b>	<b>Атауы</b>
5.	Резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін – мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген белгіленген нысандағы құжаттың көшірмесі, сондай-ақ тиісінше филиал немесе өкілдік туралы ереженің мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде орындалған, нотариалдық расталған және филиалдың немесе өкілдіктің басшысына Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасы берген сенімхаттың көшірмесі
6.	Белгіленген тәртіппен мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармамен расталған және қажеттілік болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе қатысушыларының бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес заңдастырылған не апостильденген, сауда-саттық тізілімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы немесе нотариалдық расталған көшірмесі не Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасын тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркеу күні мен орны туралы ақпаратты қамтитын басқа да ұқсас құжат
7.	Орталық депозитарийде депоненттің қол қою үлгілері мен мөр бедері бар карточкаға сәйкес депоненттің ағымдық шоттарын жүргізумен (депоненттің ағымдық шоттарындағы ақшаға иелік етумен) байланысты операциялар жасалатын кезде төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (тардың) көшірмесі (лері)

Банк операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыру қағидасына

**7-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді).*

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен  
корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартты жасауға**

**Ө Т І Н І Ш**

\_\_\_\_\_ ,  
бұдан әрі "Депонент" деп аталып ( \_\_\_\_\_ ),  
(заңды тұлғаның тіркелуін растайтын құжатты берген органның атауы, нөмірі, берген күні)

\_\_\_\_\_ арқылы  
\_\_\_\_\_ негізінде іс-әрекет ететін  
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ мынадай: "меншікті корреспонденттік шот", "клиенттердің корреспонденттік шоты" атты корреспонденттік шоттарды ашуды сұрайды және мәлімдейді:

шартты жасасады және корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы шартпен белгіленген талаптарды орындауға міндеттенеді ("Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіретін Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасына 8-қосымша);	_____ (уәкілетті тұлғаның қолтаңбасы)
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағымен таныстым, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағының талаптарын орындауға міндеттенеді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына соңынан енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;	_____ (уәкілетті тұлғаның қолтаңбасы)
Төменде көрсетілген валютада <sup>1</sup> төленуге берілетін шоттарға сәйкес "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ шығыстарын өтеуге және қызметін төлеуге міндеттенеді (қажетін белгілеңіз).	_____ (уәкілетті тұлғаның қолтаңбасы)
<input type="checkbox"/> KZT <input type="checkbox"/> EUR <input type="checkbox"/> USD	

Депоненттің заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_

Депоненттің банктік деректемелері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өтініш беруші уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) және қойған қолы)

**М.О.**

<sup>1</sup> Резидент емес депонент толтырады.

Банк операцияларының жекелеген  
түрлерін жүзеге асыру қағидасына  
**7-1-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен енгізілді).*

## КЕЛІСІМ ХАТ

---

(депоненттің толық атауы)

(уәкілетті тұлғаның лауазымының атауы және тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)) "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ға ақша қалдықтары және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-да ашылған \_\_\_\_\_,

(банктік шоттың нөмірі/банктік шоттардың нөмірлері)

банк шотына/банк шоттарына келіп түсетін ақша сомасы туралы ақпаратты ұсынуға қарсы емес.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы заңының 50-бабының 4-тармағына сәйкес осы келісім хат "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-ның жеке қатысуымен қол қойылды.

---

(уәкілетті тұлғаның қойған қолы және тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

М.О.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасына

**8-қосымша**

*(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

**Корреспонденттік қатынастарды белгілеу туралы**

**Ш А Р Т**

**(стандартты нысан)**

Осы шарт (бұдан әрі – Шарт) қосылу шарты болып табылады және Орталық депозитарийдің Депонентке оның корреспонденттік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қызметін көрсету барысында "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) мен Орталық депозитарий депоненті (бұдан әрі – Депонент) арасындағы қатынастарды реттейді.

**1-бөлім. ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ**

- 1.1. Шарттың талаптарын, сондай-ақ Шартқа бұдан кейінгі енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды Орталық депозитарий анықтайды және оны Депонент жалпы Шартқа Депонентті қосу арқылы ғана қабылдауы мүмкін.
- 1.2. Шартқа Депонентті қосу "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіретін Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасына 7-қосымшамен белгіленген нысан бойынша жасалған өтінішті, сондай-ақ тізбесі Қағидаға 6-қосымшамен белгіленген құжаттарды Депонент Орталық депозитарийге беру арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – Қағида).
- 1.3. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен Шартқа өзгерістер енгізуге құқылы.
- 1.4. Орталық депозитарий өзінің интернет-сайтында Депонент Орталық депозитарийдің хабарламасын алғаннан кейін танысуы тиіс Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды орналастырады.
- 1.5. Депонент Шартқа енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен келіспеген жағдайда Шартты бұзуға құқылы.

**2-бөлім. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

- 2.1. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасы заңнамасымен, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағымен (бұдан әрі-Қағидалар жинағы) және Шартпен белгіленген тәртіппен және талаптарда Депонентке оның мынадай

ағымдық шоттарын: "меншікті ағымдық шотты", "клиенттердің ағымдық шотын" (бұдан әрі - Шот) ашу, жүргізу және жабу жөніндегі қызметті жүзеге асырады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді);*

- 2.1-1. Депонент Орталық депозитарийге Қағидалар жинағымен белгіленген жағдайда және тәртіппен Орталық депозитарийдегі депоненттің банктік шоттарындағы ақшаны алуды тапсырады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен енгізілді);*
- 2.2. Депонент Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы қағида" (бұдан әрі – Тарифтер) деген ішкі құжатымен белгіленген тәртіппен және мерзімде Орталық депозитарийдің қызметін төлейді және шығыстарын өтейді (бұдан әрі – Тарифтер) *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы және 2014 жылғы 29 сәуірдегі шешімдерімен өзгертілді).*

### **3-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ**

- 3.1. Орталық депозитарийдің мыналарға құқығы бар:
  - 1) Шоттар бойынша операцияларды жүргізген кезде бұған қажет Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағымен көзделген құжаттарды талап етуге;
  - 2) Депонентпен электронды құжаттар алмасу үшін деректерді берудің электронды жүйесін анықтауға;
  - 3) Қағидалар жинағымен белгіленген жағдайларда және тәртіппен Орталық депозитарийдегі клиенттің банктік шоттарындағы ақшаны алуға *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 24 ақпандағы шешімімен өзгертілді);*
  - 4) Орталық депозитарийдің жыл сайынғы қаржылық аудитін жүзеге асыратын аудиторлық компанияға Депонент Шоттарындағы ақшаның барлығы мен қозғалысы туралы ақпаратты, сондай-ақ Орталық депозитарийдің жыл сайынғы қаржылық аудитіне қажет өзге ақпаратты ұсынуға;
  - 5) Депонент Орталық депозитарийге шағымдарды/талаптарды қойған жағдайда тиісінше заң қызметтерін беретін үшінші тұлғаларға (бұдан әрі – консультанттар) Депонентпен даулы қатынастар бойынша консультациялар, қорытындылар алуға жүгінуге; бұл ретте Орталық депозитарий консультанттарға шағымдарды/талаптарды қарау үшін қажет Депонент және оның атына Орталық депозитарийде ашылған Шоттар туралы кез келген ақпаратты, соның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпаратты беруге құқылы;
  - 6) таратумен немесе қайта құрумен байланысты Шоттарды жабу жағдайларын қоспағанда, Депонентте орындалмаған талаптар болған жағдайда Шоттарды жабудан Депонентке бас тартуға.

3.2. Депонент мыналарға құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен көзделген шектеулерді ескеріп, Шоттардағы ақшамен жеке иелік етуге;
- 2) Орталық депозитарийге нұсқауларды Шоттардағы ақша сомасы шегінде және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Операциялық регламентпен белгіленген мерзімде ұсынуға;
- 3) Шоттардан үзінді көшірмені Орталық депозитарийден алуға.

#### 4-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Орталық депозитарий мыналарға міндетті:

- 1) Депонент тізбесі Қағиданың 6-қосымшасымен белгіленген құжаттарды ұсынған кезде Депонентке Шарттың 2-бөлімінің 2.1-тармағында көрсетілген Шотты ашуға (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен өзгертілді*);
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген валюталық бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыруға;
- 3) Депоненттің Шоттары бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қағидалар жинағына және Шартқа қатаң сәйкес жүзеге асыруға;
- 4) Депонент Орталық депозитарийдің көрсетілген қызметті төлеуге және Орталық депозитарий шығыстарын өтеуге берген шоттарды Тарифтермен белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, шоттар бойынша операцияларды жүргізуге берген Депоненттің өкімін орындамауға;
- 5) Депонент атауын өзгерткен, ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерткен, мөрді жоғалтқан немесе мөр тозған жағдайда Депонентке жаңа мөрді дайындау үшін бес жұмыс күн беруге; мөрдің дайындалу кезеңінде Депоненттің жазбаша өтінішінің негізінде Шоттар бойынша операцияларды Депонент мөрі басылмаған Депонент нұсқауының негізінде жүзеге асыруға (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді*);
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген мерзімде Депонентке Қағидалар жинағына енгізілетін барлық өзгерістер туралы хабарлауға;
- 7) Орталық депозитарийдің атауы, банктік, пошталық деректемелері, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда шұғыл (жойылмайтын немесе қиын жойылатын салдарлар басталғанға дейін) бұл туралы Депонентті хабарлауға;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Депонент Шоттарындағы ақша және оның қозғалысы туралы ақпаратты жарияламауға;
- 9) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен көзделген жағдайларда Шотты жабуға.

4.2. Депонент мынаған міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалар жинағының талаптарын сақтауға;
- 2) Орталық депозитарий жазған шотты Тарифтермен көзделген тәртіппен және мерзімде төлеуге.

4.3. Тараптар мыналарға міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалар жинағының талаптарын сақтауға;
- 2) Депоненттің Шоттары бойынша жүргізілген операцияларды тексеруді жүзеге асыру нәтижесінде анықталған қателер (айырмашылықтар) табылған жағдайда, қатені (айырмашылықты) анықтаған Тарап қателер (айырмашылықтар) анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде басқа Тарапқа бірлесіп осы қатенің (айырмашылықтың) туындау себептерін анықтау және жою мақсатында жүгінуге міндетті;
- 3) осы Шартпен реттелетін қатынастарды орнату үшін болуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру/айыру туралы уәкілетті органның тиісінше хабарламасын алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бір-біріне хабарлауға.

## **5-бөлім. ҚҰЖАТТАР АЛМАСУ ТӘРТІБІ**

- 5.1. Депонент пен Орталық депозитарий арасында құжаттар алмасу тәртібі Қағидалар жинағында белгіленеді.

## **6-бөлім. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

- 6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптар егер өзгесі Шартпен көзделмесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 6.2. Тараптар егер Шартпен басқаша көзделмеген жағдайда, бір-біріне Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан келтірілген нақты шығын мөлшерінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзара жауапкершілік көтереді.
- 6.3. Депоненттің нұсқауларын орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін, Депоненттің Шотында жеткілікті ақша сомасы болған жағдайда және Депонент нұсқауларын тоқтата тұру немесе орындаудан бас тарту үшін Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген негіздемелер болмаған жағдайда, Орталық депозитарий Депонентке Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық валютадағы орындалмаған операция сомасынан есептелетін немесе шетел валютасында үш айлық LIBOR-дың екі ставкасы мөлшерінде мерзімі



- кешіктірілген әрбір күн үшін төлем күніне белгіленген қайта қаржыландырудың 1,5 ресми ставкасы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.
- 6.4. Орталық депозитарий Депоненттен алған құжаттардың ресімделуіне және мазмұнына жауапкершілік көтермейді.
  - 6.5. Орталық депозитарий үшінші тұлғалардың кінәсінен Депонент шеккен зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
  - 6.6. Орталық депозитарий уәкілетті органдардың тиісті құжаттарының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған Депонент Шотындағы ақшаға тыйым салу және/немесе шоттар бойынша операцияларды тоқтата тұру нәтижесінде Депонентке келтірілген шығындар үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың Депонент Шоттарынан ақшаны есептен шығару нәтижесінде Депонентке келтірілген шығындар үшін жауапкершілік көтермейді *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 29 қарашадағы шешімімен өзгертілді)*.
  - 6.7. Орталық депозитарий егер Депоненттің нұсқауында көрсетілген аударым сомасы Шоттағы ақша сомасынан асып түсетін болса Депоненттің Шоттан ақшаны аударуға берген нұсқауын орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.
  - 6.8. Депонент рұқсат бермеген өкімді Орталық депозитарийдің орындауы туралы Орталық депозитарийді уақытында хабарламағаны үшін Депонент Орталық депозитарий шеккен нақты шығындарды өтейді.
  - 6.9. Орталық депозитарий берген шоттарды төлеу жөнінде міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін Депонент төленбеген сомадан есептелетін мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін төлем күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 ресми ставкасы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

## **7-бөлім. ФОРС-МАЖОР**

- 7.1. Тараптар дүлей күш басталуының салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін бір-бірінің алдында жауапкершілікті алмайды (форс-мажор). Төтенше жағдайларға жер сілкінісі, су тасқыны, сел, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокада, уәкілетті мемлекеттік органдардың, соның ішінде шет мемлекет органдарының шешімдері, сондай-ақ Тараптарға қатысы жоқ себептермен туындауы Шарттың орындалуына кедергі келтіретін жағдайларды жатқызуға болады.
- 7.2. Тараптар төтенше жағдайлардың басталғаны туралы бір-біріне міндеттемелерді орындауға ықпал ететін кедергі мен оның салдары Тараптардың біріне мәлім болған кезде хабарлауға міндеттенеді. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау осындай жағдайлар орын алған кезеңде тоқтатылады. Төтенше жағдайлардың басталу фактісі тиісінше құжаттармен расталуы тиіс.
- 7.3. Еңсерілмейтін күш тоқтаған кезде Тараптар Шарт бойынша алған міндеттемелерін тиісінше орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Егер төтенше жағдайлар үш айдан астам уақытқа созылса, Тараптар Шартты өзара келісім бойынша бұзуға құқылы.

### **8-бөлім. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

- 8.1. Шарт Орталық депозитарийдің Депонентке ұсынған Шартты жасау туралы хабарламада көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және өз қолданысын Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен көзделген жағдайларда тоқтатады.
- 8.2. Шарт бұзу туралы келісімге қол қою сәтінде өзара шағым-талаптар болмаған кезде Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қағидалар жинағымен және Шартпен белгіленген өзге жағдайларда ғана бұзылуы мүмкін.
- 8.3. Тараптардың әрқайсысы Шартты бұзу болжанған күнге дейін 30 күн бұрын басқа Тарапты бұл туралы жазбаша хабарлап және Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қағидалар жинағымен белгіленген талаптардың сақталуын ескеріп Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
- 8.4. Шарт бұзылған жағдайда және шарт бұзылған күнге дейін Депонент шоттарында ақша қалдығы болған жағдайда, Орталық депозитарийге Депоненттің және/немесе оның клиенттерінің банктік шоттарына ақша аударымына нұсқауды беруі тиіс.
- 8.5. Шартты тоқтату қолданылу мерзімі тоқтатылғанға дейін Шарт талаптарына сәйкес туындаған міндеттемелерден орындаудан Тараптарды босатпайды.
- 8.6. *(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 10 маусымдағы шешімімен алынып тасталды).*

### **9-бөлім. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

- 9.1. Шарттың талаптарын орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар бір-бірінің мүдделерін ескеріп соттан тыс тәртіппен дауды реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.
- 9.2. Өзара келісімге келе алмаған жағдайда, Тараптардың даулары Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен қаралады.

### **10-бөлім. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

- 10.1. Орталық депозитарийдің заңды мекенжайы мен деректемелері Орталық депозитарийдің Интернет-сайтында жарияланады.